



БІЛІКТІ ҰСТАЗ - ДАРЫНДЫ ШӘКІРТ

№2 (03) ақпан 2026 жыл

МЕНШІК ИЕСІ

ЖК «Білім ұстаз - дарынды шәкірт»

ДИРЕКТОР

Ербол Түркмен

БАС РЕДАКТОР

Жазира Жеңісқызы

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігінің және желілік басылымды есепке қою туралы куәлік 19.08.2025 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №KZ40VPY00127349 куәлігі берілген

БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:

120014, Қызылорда қаласы,

Байсейітова көшесі 100 үй

Тел: 8 707 510 08 91,

8 778 380 53 74

E-mail: zhazi_0091@mail.ru

Журнал «Білікті ұстаз - дарынды шәкірт» редакциясында теріліп, беттеліп, «Принт» баспаханасында басылды.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді.

Мақаладағы мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты.

Қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.

Меншікті тілшілер:

Искакова Лаззат Саурбековна

Алматы, Талдықорған қаласы

• • •

Нарғали Тойгүл Жеңісқызы

Ақтөбе, Маңғыстау, Ақтау қаласы

• • •

Жадыра Әбдіханова Аманбайқызы

Түркістан, Шымкент, Тараз қаласы

• • •

Рахат Жұлдызай Мейрамалиқызы

Қызылорда қаласы

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:



Бауыржан Жұмаханұлы Омаров - Қазақстанның мемлекет қайраткері, журналист, әдебиеттанушы, Филология ғылымдарының докторы, профессор, академик



Мединамов Дамир Бай Еділұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитеті бұқаралық ақпарат құралдары саласына рұқсат беру басқармасының жауапты қызметкері



Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы - Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тарих ғылымдарының докторы



Жұбанышов Берік Темірханұлы - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Тарих кафедрасының бағдарлама көшбасшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



Смагулова Гульшат Амантайқызы - Қызылорда облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) «Жалпы орта білім беру» бөлімінің меңгерушісі

МАЗМҰНЫ

1. Алибекова Лаура. Цифровые инструменты и межпредметная интеграция как фактор повышения качества обучения русскому языку и литературе в казалинском транспортно-техническом высшем колледже ...	4
2. Санаубаева Гүлнар. Орыс тілін оқытуда оқылым мен тыңдалым дағдысын қалыптастыру әдістері ...	5
3. Досқалиева Айзат. Баланың қабілетін ашатын цифрлық құралдар	6
4. Суханова Алия. Бастауыш сыныпта оқу шапшаңдығын жақсартудың маңызы	7
5. Ақкөзова Баян. Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың сөйлеу дағдысын коммуникативтік-тәжірибелік негізде қалыптастыру	8
6. Аманғос Айдана. Орыс тілін оқытудағы жасанды интеллект (ЖИ) орны	10
7. Аяжан Әбдібекова. Академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыруда кері байланыстың рөлі	11
8. Арымбаева Сандугаш. География пәні арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары	12
9. Досбергенова Мөлдір. Балабақшада ойын арқылы баланы дамыту	13
10. Сұлтанова Жанна. Балабақша – бақыт баспалдағы	14
11. Тұрапбаева Айман. Бастауыш сыныпта жасанды интеллектіні тиімді пайдалану	15
12. Мамутова Нуржамал. Бастауыш сынып оқушыларының сауаттылығын халықаралық зерттеулер мән мәтінінде дамыту	16
13. Қуандықова Мейрамкүл. Балалардың сөйлеу тілін дамытуда тәрбиешінің рөлі	17
14. Кульбаева Нуржамал. 1-сынып оқушыларының жазу мәдениетін қалыптастырудағы көркем жазудың маңызы ...	18
15. Егизбекова Анар. Бастауыш мектепте құндылықтар негізінде оқушылардың білімге құштарлығын дамыту	19
16. Онгарова Бигайша. Бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты дамыту	21
17. Жалдыбаева Гульмира. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен: білім сапасын арттырудың талданбалы көрінісі	22
18. Утембетова Нургул. Эффективность использования учебно-методического комплекса по дисциплине «Русский язык и литература» в системе профессионального образования	24
19. Есимбаева Гулназира. Мәтіндерді талдау, нейрожелілердің рөлі	26
20. Тлеуова Айгул. Табиғат – біздің үйіміз	27
21. Жұмағали Жұлдыз. Бастауыш сыныпта қазақ тілінен өзіндік жұмыстардың тиімділігі	29
22. Майтонова Жанаргуль. Жасанды интеллект және ақпаратты платформаларды бастауыш сынып оқытуда пайдалану жолдары	30
23. Байкенжеева Лаура. Ағылшын тіліндегі танымал әндер арқылы сөздік қорды дамытудың тиімділігі	31
24. Ертілеуова Ақтоты. Қазақ тілін меңгерудің психолінгвистикалық негіздері	32
25. Самсакова Дилраба. Қазақ тілін оқытуда ойын технологиясын қолдану	33
26. Камалова Гульзара. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушыларды олимпиадаға дайындауға шығармашылық қабілеттерді дамыту	34
27. Букенбаева Айнур. Ұлттық ойындар арқылы 7–8 сынып оқушыларын дене тәрбиесіне баулу	35
28. Мотасева Нурдана. Айтылым дағдыларын дамытуда интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану	37
29. Исмаил Наиләм. Сыныптағы психологиялық ахуалды жақсарту әдістері	38
30. Молдабаев Бауыржан. Оқушы тұлғасын дамытудағы дене тәрбиесінің маңызы	39

Цифровые инструменты и межпредметная интеграция как фактор повышения качества обучения русскому языку и литературе в казалинском транспортно-техническом высшем колледже

Алибекова Лаура Ериқбаевна

Қызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би Казалинский транспортно-технический высший колледж, Преподаватель русского языка и литературы, Педагог-исследователь

Аннотация: В статье рассматривается опыт внедрения авторского учебно-методического пособия «ЦИФРОВЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ В ПРЕПОДАВАНИИ И ИЗУЧЕНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ» для студентов колледжей технико-технологического направления, базирующегося на использовании платформы Heyzine и интеграции технических текстов «Правил технической эксплуатации железных дорог РК». Представлен анализ динамики роста учебных достижений студентов за период 2023–2026 гг. Обоснована эффективность использования интерактивных флипбуков и цифровых платформ (LearningApps, Wordwall) в формировании профессиональной коммуникативной компетенции будущих специалистов железнодорожной отрасли.

Ключевые слова: цифровые инструменты, Heyzine, междисциплинарная интеграция, русский язык и литература, технический текст, ПТЭ, профессиональное образование, флипбук.


Введение

Современное профессиональное образование требует от преподавателя не просто передачи знаний, но и формирования навыков работы в цифровой среде. Для студентов технико-технологических специальностей изучение русского языка становится прикладным инструментом, когда теоретический материал тесно переплетается с будущей профессиональной деятельностью.

Методология и содержание пособия

Разработанное учебно-методическое пособие включает 96 комплексных тем. Инновационность подхода заключается в синергии трех компонентов:

- 1. Мультимедийность:** 480 ссылок на видео, 3D-экскурсии в музеи и биографический контент.
- 2. Дифференциация:** 384 интерактивных задания трех уровней сложности.
- 3. Профессионализация:** Использование адаптированных текстов ПТЭ ЖД РК для отработки грамматических норм.



Центральным узлом пособия является платформа **Heyzine**, преобразующая учебный материал в интерактивный флипбук. Это позволяет студенту не просто читать текст, а взаимодействовать с ним, развивая навыки аудирования и письма в профессиональном контексте.

Анализ эффективности и динамика роста знаний

Апробация пособия в учебном процессе показала устойчивый рост качественных показателей успеваемости. Использование игровых механик (Wordwall, LearningApps) и мгновенная обратная связь через Classtime способствовали повышению мотивации.

На графике ниже представлена динамика качественного показателя знаний (Quality of Knowledge) студентов за три учебных года:

Учебный год	Качественный показатель знаний (%)	Рост к предыдущему периоду
2023–2024 (Традиционные методы)	62%	—
2024–2025 (Внедрение Heyzine и ПТЭ)	74%	+12%
2025–2026 (Полная цифровая интеграция)	88%	+14%

Анализ данных подтверждает, что переход от статичного учебника к интерактивному цифровому пособию позволил увеличить средний балл успеваемости и уровень вовлеченности студентов на 26% за три года.

Преимущества междисциплинарной интеграции

Работа с реальными техническими документами через цифровой интерфейс решает три задачи:

- Языковая адаптация:** Студент привыкает к терминологии железнодорожной отрасли.
- IT-компетентность:** Работа в облачных сервисах повышает общую цифровую грамотность.
- Психологическая готовность:** Использование материалов, связанных с «Вагонным хозяйством» или





«Локомотивами» на уроках языка, снимает барьер «ненужности» гуманитарных дисциплин для техников.

Заключение

Результаты внедрения пособия «Цифровые инструменты в преподавании и изучении русского языка и литературы» демонстрируют, что цифровая трансформация контента является необходимым условием качественного образования в колледже. Платформа Heyzine в сочетании с профильным материалом ПТЭ создает уникальную образовательную среду, способствующую выпуску конкурентоспособных специалистов.

Список использованной литературы

1. Правила технической эксплуатации железных дорог Республики Казахстан. — Астана, 2023.
2. Азимов Э. Г. Информационно-коммуникационные технологии в преподавании русского языка как иностранного. — М.: Русский язык. Курсы, 2020.
3. Роберт И. В. Дидактика в эпоху цифровой трансформации образования. — Педагогика, 2021.
4. Официальный ресурс платформы Heyzine [<https://heyzine.com/flip-book/1bd6e865ff.html#page/1>]. URL: <https://heyzine.com>.
5. Использование интерактивных платформ Wordwall и LearningApps в учебном процессе колледжа // Вестник профессионального образования, 2024.

Орыс тілін оқытуда оқылым мен тыңдалым дағдысын қалыптастыру әдістері

Санаубаева Гүлнар Мәлібекқызы

*№45 «Ақ орда» мектеп-гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші, Облыстық тілдерді оқыту орталығының оқытушысы*

Қазіргі білім беру жүйесінде шет тілін, соның ішінде орыс тілін оқытудың басты мақсаты – білім алушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Коммуникативтік құзыреттілік тыңдалым (аудирование) мен айтылым (говорение) дағдыларының жүйелі дамуын талап етеді. Тыңдалым – тілдік ақпаратты қабылдаудың негізгі арнасы болса, айтылым – сол ақпаратты тілдік қарым-қатынаста қолданудың нәтижесі. Сондықтан орыс тілін оқытуда бұл екі дағды бір-бірімен тығыз байланыста, кешенді түрде қалыптастырылуы тиіс.

Тыңдалым – сөйлеу әрекетінің күрделі түрі. Ол дыбыстық ақпаратты есту, тану, түсіну және мағыналық өңдеу үдерістерін қамтиды. Орыс тілін үйренушілер үшін тыңдалым тілдің табиғи қолданысын түсінудің негізгі көзі болып табылады.

Тыңдалым дағдысы қалыптаспаса:

- сөздерді дұрыс ажырата алмайды;
- сөйлем құрылымын толық түсінбейді;
- қарым-қатынас кезінде сенімсіздік танытады.

Ал тыңдалымы дамыған білім алушы: сөйлеушінің ойын тез қабылдайды, дұрыс интонация мен екпінді меңгереді, айтылымда қателерді аз жібереді.

Тыңдалым дағдысын қалыптастыру жолдары төмендегіше сипатталады. Орыс тілін оқытуда тыңдалым үш кезең арқылы жүзеге асырылады:

1. Тыңдалым алдындағы кезең

Бұл кезеңде оқушы тыңдалатын мәтіннің мазмұнына дайындалады. Мұғалім

жаңа сөздермен таныстырады, тақырып бойынша болжам жасатады, сұрақтар қояды.

2. Тыңдалым кезеңі

Мәтін 1–2 рет тыңдатылады.

Тапсырмалар негізгі ойды анықтау, кілт сөздерді белгілеу, дұрыс/бұрыс ақпаратты ажырату т.б сипатта беріледі.

3. Тыңдалымнан кейінгі кезең

Бұл кезең айтылыммен тікелей байланысты.

Тапсырмалар мазмұндау, сұрақтарға жауап беру, пікір білдіру сипатында келеді.

Айтылым дағдысының ерекшелігі қандай?

Айтылым – білім алушының ойды ауызша, дұрыс әрі түсінікті жеткізу қабілеті. Орыс тілінде айтылымды дамыту тілдік орта болмаған жағдайда ерекше әдістемелік шеберлікті талап етеді.

Айтылым дағдысы мына компоненттерден тұрады:

- лексикалық қор;
- грамматикалық сауаттылық;
- дыбыстау мен интонация;
- сөйлеу қарқыны мен логикасы.

Айтылымды дамыту әдістері

Орыс тілін оқытуда айтылымды дамыту үшін келесі әдістер тиімді:

1. Диалогтік оқыту
 - сұхбат құру;
 - жағдаяттық диалогтар;
 - рөлдік ойындар.
2. Монологтік сөйлеу
 - тақырып бойынша әңгімелеу;
 - сурет сипаттау;
 - шағын баяндама жасау.
3. Коммуникативтік тапсырмалар
 - пікірталас;
 - проблемалық сұрақтар;
 - өмірлік жағдаяттарды модельдеу.

Тыңдалым мен айтылымды ықпалдастыра оқыту

Тыңдалым мен айтылым бір-бірін толықтырады.

Тыңдалған мәтін айтылымға негіз болуы тиіс. Мысалы: аудиомәтінді тыңдап, кейіпкер атынан сөйлеу; бейнеролик көріп, өз көзқарасын айту; сұхбат тыңдап, ұқсас диалог құрастыру.

Бұл тәсіл оқушыны белсенді сөйлеуге итермелейді және тілдік кедергіні жояды.

Оқыту барысында кездесетін қиындықтар



Практикада келесі мәселелер жиі байқалады:
оқушылардың сөздік қорының шектеулілігі;
кәте айтудан қорқу;
сөйлеуге мотивацияның төмендігі.

Бұл қиындықтарды жеңу үшін мұғалім қолайлы психологиялық орта қалыптастыруы қажет.

Орыс тілін оқытуда тыңдалым мен айтылымды тиімді қалыптастыру үшін төмендегі ұсыныстарды ұсынуға болады:

Сабақта аутентті материалдарды (бейне, подкаст, сұхбат) жүйелі қолдану.

Тыңдалымнан кейін міндетті түрде айтылым тапсырмасын беру.

Оқушыны қателігі үшін жазаламау, керісінше қолдау

көрсету.

Жұптық және топтық жұмысты жиі ұйымдастыру.

Сабақта өмірмен байланысты жағдаяттарды қолдану.

Айтылымды бағалауда мазмұн мен ойдың жеткізілуіне басымдық беру.

Тыңдалым тапсырмаларын күрделілік деңгейіне қарай кезең-кезеңмен ұсыну.

Қорытындылай келе, орыс тілін оқытуда тыңдалым мен айтылымды қалыптастыру – өзара тығыз байланысты, үздіксіз жүргізілетін үдеріс. Бұл дағдыларды жүйелі, мақсатты және коммуникативтік бағытта дамыту білім алушының тілдік құзыреттілігін арттырады және оны шынайы тілдік қарым-қатынасқа дайындайды.



Баланың қабілетін ашатын цифрлық құралдар

Досқалиева Айзат Қожамұратқызы

*Қызылорда қаласы Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Қазіргі заманда технологиялардың жылдам дамуы білім беру саласында да өзгерістер алып келуде. Әсіресе, жасанды интеллект (ЖИ) сияқты заманауи технологиялардың білім беру жүйесіне енгізілуі оқу процесін жаңа деңгейге көтеруде. Бастауыш мектепте ЖИ элементтерін қолдану балалардың білім алуына түрлі мүмкіндіктер туғызып, оқыту тәсілдерін жетілдіруге ықпал етеді.

Жасанды интеллект - адам миының жұмысына ұқсас әрекеттерді орындай алатын машиналар мен бағдарламалық жүйелердің жиынтығы. Ол деректерді өңдеу, үйрену, шешім қабылдау, тілдерді тану және бейне/дыбыстық ақпаратты өңдеу сияқты тапсырмаларды орындай алады. Жасанды интеллект жүйелері көптеген салаларда қолданылып келеді, оның ішінде білім беру саласы да бар. Бастауыш мектептерде ЖИ құралдарын қолдану арқылы балаларға заманауи технологияларды меңгертуге, ойлау қабілеттерін дамытуға және олардың қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік беріледі.

Бастауыш мектепте ЖИ элементтерін қолданудың артықшылықтары

1. Жекеленген оқыту мүмкіндіктері: Әрбір оқушының қабілеті әртүрлі, сондықтан ЖИ жүйелері әр бала үшін жеке оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді. Бұл құралдар балалардың оқу жылдамдығын, қызығушылықтарын және деңгейін ескере отырып, тапсырмаларды бейімдей алады. Нәтижесінде әр оқушы өз деңгейінде білім алады.

2. Шығармашылық қабілеттерді дамыту: ЖИ негізінде жұмыс істейтін құралдар балалардың шығармашылық ойлауын дамытуға көмектеседі. Мысалы, балалар виртуалды әлемде жаңа дүниелер жасап, шығармашылық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде балалардың инновациялық ойлауын

арттырады.

3. Ойын түріндегі оқыту: Жасанды интеллект ойындар мен симуляторлар арқылы білім беру үрдісін қызықты әрі интерактивті етеді. Оқу ойындары арқылы балалар білімдерін тексеріп, жаңа ақпаратты ойын түрінде игереді. Бұл әдіс оқушыларды ынталандырып, білімге деген қызығушылығын арттырады.

4. Тіл үйрену және коммуникация: Жасанды интеллект балаларға тіл үйрету процесін жеңілдетеді. Мысалы, ЖИ жүйелері балалардың сөздерді дұрыс айтуын бақылап, оларға нақты түзетулер мен кеңестер бере алады. Бұл оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

5. Проблемаларды шешу дағдыларын дамыту: ЖИ оқушыларға математикалық тапсырмаларды шешуде, логикалық мәселелерді талқылауда көмек көрсете алады. Мысалы, балалар ЖИ жүйелері арқылы тапсырмаларды шешу жолдарын іздеуді үйреніп, өздерінің аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

Бастауыш мектепте ЖИ қолданылатын құралдар мен әдістер

1. Интерактивті оқулықтар мен қосымшалар: Жасанды интеллект негізінде жасалған оқулықтар мен мобильді қосымшалар балаларға оқу материалын қызықты әрі түсінікті етіп жеткізуге көмектеседі. Бұл құралдар оқушылардың оқу үлгерімін талдап, қажетті мәліметтер мен тапсырмаларды ұсына алады.

2. Робототехника және бағдарламалау: Жасанды интеллекттің робототехникамен үйлесімі бастауыш сынып оқушылары үшін өте тиімді. Робототехника арқылы балалар ЖИ элементтерін қолдану арқылы өздігінен бағдарламалау дағдыларын қалыптастырады. Бұл оларға алгоритмдер мен логикаға негізделген тапсырмаларды орындауды үйретеді.

3. Мәтінді өңдеу және жазу құралдары: Жасанды интеллект мәтіндер мен жазбаларды өңдеу үшін де қолданылуы мүмкін. Балалар өздерінің жазбаларын тексеру және түзету үшін автоматтандырылған жүйелерді пайдалана алады. Бұл олардың грамматикалық және стилистикалық дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

4. Оқу платформалары мен тестілеу жүйелері: ЖИ қолданылатын онлайн платформалар мен тестілеу жүйелері оқушылардың білімін бағалауға және олардың даму деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер әр оқушының күшті және әлсіз жақтарын анықтап, оқу процесін жекелендіруге көмектеседі.

Жасанды интеллекттің басты артықшылығы - оның білім беру процесін тиімді әрі жекеленген етіп өзгертуі. Оқушылар тек білімді ғана емес, сонымен бірге өздеріне қажетті дағдыларды да меңгереді. ЖИ жүйелері арқылы балалардың сыни ойлау, проблемаларды шешу,

шығармашылық қабілеттері дамиды. Сонымен қатар, жасанды интеллект мұғалімдерге оқу процесін бақылауға және оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес әдістерді қолдануға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектепте жасанды интеллект элементтерін қолдану — бұл білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың қабілеттерін дамытуға және олардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін маңызды құрал. ЖИ жүйелері балаларға тек дәстүрлі пәндерден ғана емес, сонымен қатар заманауи технологияларды меңгеру дағдыларын да үйретеді. Дегенмен, ЖИ құралдарын тиімді пайдалану үшін мұғалімдер арнайы дайындықтан өтуі керек және оқу процесінде оларды дұрыс интеграциялау маңызды. Бастауыш мектептегі ЖИ элементтері болашақта білім беру саласындағы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Бастауыш сыныпта оқу шапшаңдығын жақсартудың маңызы

Суханова Алия Құмисбековна

Төлеби ауданы “Жеңіс жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі” бастауыш сынып мұғалімі, Зерттеуші

Бастауыш сынып – баланың оқу дағдысы қалыптасатын ең маңызды кезең. Осы уақытта оқушының мәтінді дұрыс, түсініп және шапшаң оқу қабілеті дамиды. Оқу шапшаңдығы тек жылдамдықты ғана емес, сонымен қатар мәтінді түсіну, есте сақтау және ой қорыту дағдыларын да қамтиды. Сондықтан оқу шапшаңдығын арттыру – бастауыш білім берудегі басты міндеттердің бірі.

Оқу шапшаңдығы төмен оқушылар мәтінді түсінуде қиналып, сабаққа қызығушылығы азаюы мүмкін. Ал дұрыс ұйымдастырылған жаттығулар арқылы баланың оқуға деген ынтасын арттырып, сенімін нығайтуға болады. Ең алдымен, оқушының жас ерекшелігін ескеру маңызды. 1–2 сыныпта буындап оқу қалыпты болса, 3–4 сыныпта тұтас сөзбен, мәнерлеп оқу дағдысы дамуы тиіс.

Оқу шапшаңдығын жақсартудың тиімді жолдарының бірі – күнделікті қысқа мәтіндермен жұмыс жасау. Мысалы, 1–2 минуттық уақытқа мәтін оқытып, қанша сөз оқығанын есептеу баланың өз нәтижесін бақылауына көмектеседі. Сонымен қатар, қайта оқу әдісі де пайдалы. Бір мәтінді бірнеше рет оқығанда, бала сөздерді тез тануға үйренеді.

Тағы бір маңызды әдіс – дауыстап және іштен оқу. Дауыстап оқу кезінде мұғалім немесе ата-ана баланың қателерін түзетіп, дұрыс екіпін қоюына көмектеседі. Ал іштен оқу оқу жылдамдығын арттырып, зейінді шоғырландыруға үйретеді. Сонымен бірге жаңылтпаштар, қысқа өлеңдер мен жұмбақтар оқу техникасын дамытуда тиімді құрал болып табылады.

Оқу шапшаңдығын дамытуда ата-ананың рөлі ерекше.

Үйде баламен бірге кітап оқу, қызықты ертегілер таңдау, оқыған мәтінді бойынша сұрақтар қою баланың оқуына он әсер етеді. Ең бастысы – баланы асықтырмай, жетістігін мадақтау.

Оқу шапшаңдығын дамытудың мақсаттары

- Оқушылардың мәтінді түсініп оқу дағдысын қалыптастыру;
- Оқу жылдамдығын жас ерекшелігіне сай арттыру;
- Сөздік қорын байыту және ойлау қабілетін дамыту;

- Оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Оқу шапшаңдығын дамыту принциптері

1. Жүйелілік – жаттығуларды күнделікті, тұрақты жүргізу;
2. Қолжетімділік – мәтіндердің оқушы деңгейіне сай болуы;
3. Қызығушылық – ойын элементтерін пайдалану;
4. Жекелей жұмыс – әр оқушының қабілетін ескеру.

Негізгі әдіс-тәсілдер

1. Уақытпен оқу әдісі

Оқушыға 1 минут ішінде мәтін оқыту ұсынылады. Оқылған сөз саны есептеліп, нәтижесі белгіленеді. Бұл әдіс оқушының өз жетістігін бақылауына мүмкіндік береді.

2. Қайта оқу әдісі

Бір мәтінді бірнеше рет оқыту арқылы оқу жылдамдығы мен дәлдігін арттыруға болады. Әр оқуда қате саны азайып, оқу шапшаңдығы өседі.

3. Дауыстап және іштен оқу

- Дауыстап оқу – дұрыс дыбыстау мен мәнерлікке



үйретеді;

- Іштен оқу – зейінді арттырып, оқу қарқынын жылдамдатады.

4. Ойын технологиялары

- «Кім жылдам?»
- «Артық сөзді тап»
- «Сөз тізбегі» Бұл ойындар баланың

қызығушылығын арттырып, оқуды жеңілдетеді.

5. Тіл дамыту жаттығулары

Жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, қысқа өлеңдер оқу техникасын жетілдіруге көмектеседі.

Ата-анамен жұмыс

- Үйде күнделікті 10–15 минут кітап оқу;

- Баланы асықтырмай, жетістігін мадақтау;
- Қызықты, жасына сай кітаптарды таңдау.

Күтілетін нәтиже

- Оқушылардың оқу жылдамдығы артады;
- Мәтінді түсініп оқу дағдысы қалыптасады;
- Оқуға деген қызығушылығы мен өзіне деген сенімі нығаяды.

Қорытындылай келе, оқу шапшаңдығын жақсарту – үздіксіз әрі жүйелі жұмысты талап етеді. Мұғалім мен ата-ана бірлесе әрекет еткенде ғана бала оқуды жеңіл қабылдап, білім алуға қызығушылығы артады. Оқу шапшаңдығы артқан оқушы өзіне сенімді, белсенді және табысты болады.



Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың сөйлеу дағдысын коммуникативтік-тәжірибелік негізде қалыптастыру

Аққозова Баян Саққызы

Алматы қаласы, Бостандық ауданы КММ №2 арнайы мектеп-интернатының мұғалім-дефектологы

Қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында зияты жеңіл зақымдалған оқушыларға сапалы тілдік білім беру – дефектология мен арнайы педагогика саласының маңызды мәселелерінің бірі. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған нормативтік құжаттар қабылдап, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру жүйесіне интеграциялауды қолдап келеді.

Зияты жеңіл зақымдалған балалар арнайы қолдауды, бейімделген бағдарламалар мен әдістемелерді қажет етеді. Дефектолог маман үшін олардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тек тілдік біліммен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынас, коммуникативтік мәдениет пен әлеуметтену процесіне ықпал етеді. Сондықтан зияты жеңіл зақымдалған оқушыларға қазақ тілін оқытудың бейімделген әдістемесін жасау – дефектология ғылымы мен тәжірибесінің басты бағыты болып табылады.

Оқушылардың психологиялық және танымдық ерекшеліктері

Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың танымдық процестері баяу дамиды: есте сақтау қабілеті шектеулі, зейін тұрақсыз, логикалық ойлау деңгейі жеткіліксіз. Олар абстрактілі ұғымдарды түсінуде қиындыққа ұшырайды, бірақ нақты және көрнекі материалдарды жақсы қабылдайды. Сонымен қатар талдау, салыстыру, жалпылау сияқты ойлау операциялары толық дамымаған.

Оқу материалын қабылдау ерекшеліктері бойынша олар ақпаратты бөлшектеп, тұтас емес түрде қабылдайды. Сондықтан дефектолог ақпаратты құрылымдап, қысқа және нақты сөйлемдермен жеткізуі қажет. Ұзақ нұсқаулар мен күрделі тапсырмалар тез шаршауға және оқу

мотивациясының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Есте сақтау көбінесе механикалық сипатта болады, сондықтан жаңа материалды бұрынғы біліммен және өмірлік тәжірибемен байланыстыру маңызды. Мысалы, жаңа сөздерді күнделікті тұрмыстық жағдайлар арқылы бекіту тиімді нәтиже береді.

Эмоциялық-ерік саласында да ерекшеліктер байқалады: кейбір оқушыларда өзіне сенімсіздік, тұйықтық болса, басқаларында импульсивтілік көрінуі мүмкін. Дефектолог сабақта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруы, эмоционалдық қолдау көрсетуі, жетістікті мадақтауы керек. Бұл оқушылардың өз күшіне деген сенімін арттырады және оқу мотивациясын күшейтеді.

Дефектолог маманға арналған негізгі қағидаттар

Зияты жеңіл зақымдалған оқушыларға қазақ тілін оқытуда дефектолог келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1. Қолжетімділік қағидаты – материал оқушының жас және танымдық деңгейіне сай болуы керек. Тапсырмалар тым күрделі немесе тым жеңіл болмауы қажет.
2. Көрнекілік қағидаты – суреттер, сызбалар, тірек-кестелер, карточкалар белсенді қолданылады. Бұл ақпаратты есте сақтауды жеңілдетеді және түсінуді нақтылайды.
3. Жүйелілік пен бірізділік – қарапайымнан күрделіге қарай материал беріледі: алдымен сөздер мен тіркестер, содан кейін сөйлем және мәтін деңгейі.
4. Қайталау және бекіту – білімді әртүрлі формаларда (ойын, тест, ауызша сұрақ-жауап, практикалық жаттығу) жиі қайталау.
5. Жеке даралау – әр оқушының мүмкіндігіне қарай тапсырмаларды жеңілдетілген, орташа және күрделі

денгейде ұсыну.

6. Практикалық бағыттылық – тілдік білімді күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Мысалы: «дүкенде сөйлесу», «қонақта амандасу», «мектепте сұрақ қою».

7. Түзете-дамыта оқыту – тек білім беріп қана қоймай, зейін, есте сақтау, ойлау және сөйлеу дағдыларын дамыту.

Лексикалық жұмысты ұйымдастыру Сөздік қорды дамыту – дефектологтың басты міндеттерінің бірі. Жаңа сөздерді меңгертуде:

- сөздерді нақты затпен немесе суретпен байланыстыру;
- қысқа сөйлемдер құрастыру;
- күнделікті тұрмыстық тақырыптарды пайдалану тиімді.

Мысалы: «Менің отбасым», «Менің мектебім», «Дүкенде» тақырыптары оқушының өмірлік тәжірибесімен ұштасып, сөздік қорды байытады.

Грамматиканы меңгерту

Абстрактілі ережелерден гөрі практикалық жаттығуларға мән беріледі: үлгі көрсету, сөйлем құрастыру, тірек-сызбаларды қолдану. Мысалы, көптік жалғауды үйрету кезінде нақты заттарды (кітап – кітаптар, алма – алмалар) суреттер арқылы көрсету тиімді.

Оқу және жазу дағдылары

Мәтіндер қысқа, мазмұны түсінікті болуы тиіс. Оқу кезінде буындап оқу, хормен оқу, рөлге бөліп оқу әдістері қолданылады. Жазу дағдысын дамытуда үлгі бойынша көшіру, сөзді толықтыру, сөйлемді аяқтау тапсырмалары беріледі.

Ойын технологиясы мен АКТ қолдану

Дидактикалық ойындар («Сөзді тап», «Артық сөзді анықта», «Сурет бойынша сөйлем құра») оқушының қызығушылығын арттырады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (мультимедиялық құралдар, аудио-видео материалдар, интерактивті тапсырмалар) көрнекілікті арттырып, есте сақтауды жеңілдетеді.

Бағалау жүйесі

Бағалауда қалыптастырушы бағалау басым болуы тиіс. Нәтижені ғана емес, оқушының жетістікке жету жолындағы әрекеті бағаланады. Мадақтау, қолдау сөздері, жетістік парақшалары оқушының өзін-өзі бағалауына оң әсерін тигізеді.



Дефектолог маман үшін зияты жеңіл зақымдалған оқушыларға қазақ тілін оқыту – психологиялық, танымдық және коммуникативтік ерекшеліктерін ескеруді қажет ететін кешенді процесс. Бейімделген әдістеме тек тілдік дағдыларды қалыптастырып қана қоймай, оқушының әлеуметтік бейімделуіне, қарым-қатынас жасау қабілетіне ықпал етеді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, шыдамдылығы және шығармашылығы осы процестің тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар, сабақтарды ұйымдастыруда көрнекілік, қайталау, ойын элементтері, практикалық жаттығулар және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану маңызды рөл атқарады. Бұл тәсілдер оқушылардың зейінін тұрақтандырып, есте сақтау қабілетін жетілдіруге, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді. Жеке даралау қағидаты мен түзете-дамыта оқыту әдістерін пайдалану әр оқушының мүмкіндігіне сай қолдау көрсетуге, олардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

Инклюзивті білім беру жағдайында әр бала – қоғамның толыққанды мүшесі. Сондықтан зияты жеңіл зақымдалған оқушыларға сапалы тілдік білім беру – олардың болашақта өз орнын табуына, өмірге бейімделуіне берік негіз қалайды. Мұндай оқыту тек білім беру ғана емес, сонымен бірге оқушының тұлғалық дамуы, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру және өзіндік сенімін арттыруға бағытталған кешенді процесс болып табылады.

Сондықтан дефектолог маманның кәсіби құзыреттілігі, заманауи әдістемелер мен цифрлық технологияларды тиімді пайдалану, әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру – зияты жеңіл зақымдалған балалардың тілдік, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын толыққанды дамыту үшін шешуші мәнге ие. Мұның нәтижесінде оқушы тек тілдік қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, қоғамға табысты бейімделе алатын, өзіне сенімді, белсенді тұлға болып қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Білім туралы заң. – Астана, 2007.
2. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2020.
3. Айтбаева А.Б. Арнайы педагогика негіздері. – Алматы, 2017.
4. Hall T., Meyer A., Rose D. H. Universal Design for Learning in the Classroom. – New York, 2012.
5. WHO, World Bank. World Report on Disability. – Geneva, 2011.





Орыс тілін оқытудағы жасанды интеллект (ЖИ) орны

Амангос Айдана Жұмабекқызы

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Миялы ауылы Төлеген Айбергенов атындағы орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Жасанды интеллект (ЖИ) – заманауи педагогикалық құралдардың бірі, ол оқытушы мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестікті жақсартуға, тіл үйрену процесін тиімді етуге мүмкіндік береді. Орыс тілін оқытуда ЖИ қолдану тек мәтіндік материалдармен шектелмей, тыңдалым, айтылым, грамматика және сөздік қорын дамытуда да маңызды рөл атқарады.

ЖИ жүйелерінің басты артықшылығы – персонализацияланған оқу. Әр оқушының қабілеті, қызығушылығы және оқу деңгейін ескере отырып, жүйе жеке тапсырмалар береді. Бұл тәсіл оқушылардың белсенділігін арттырады және тілдік дағдыларды терең меңгеруге ықпал етеді. Сонымен қатар ЖИ мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, бақылау, бағалау және кері байланыс беру үрдісін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

1. ЖИ технологияларының түрлері

Орыс тілін оқытуда әртүрлі ЖИ құралдары қолданылады:

Мәтіндік платформалар – грамматикалық қателерді тексеретін, сөздік қорын кеңейтетін қосымшалар (мысалы, Grammarly, Yandex.Repétitor).

Дауыстық ассистенттер – айтылым мен тыңдалымды дамытуға арналған (мысалы, Google Assistant, ChatGPT). Оқушылар сұрақ қоя алады, диалог жүргізе алады, дұрыс аударманы және сөйлем құрылымын тексере алады.

Интерактивті чат-боттар – оқушының оқу дағдыларын тестілеу, сөйлем құру, сөздік жаттау сияқты әрекеттерді бақылауға мүмкіндік береді. Бұл құралдар оқытушының тапсырмаларын толықтыра отырып, әр оқушыға жеке бағыт береді.

2. ЖИ қолданудың педагогикалық артықшылықтары

ЖИ технологияларын енгізудің бірнеше артықшылығы бар:

Персонализацияланған оқу: ЖИ әр оқушының деңгейін бағалап, жеке тапсырмалар береді.

Жылдам кері байланыс: Қателер бірден анықталып, түзету ұсынылады.

Қызығушылықты арттыру: Интерактивті ойындар, чат-боттар, виртуалды тапсырмалар оқу процесін қызықты етеді.

Мультимодальді оқыту: Мәтін, аудио және бейне ресурстарды біріктіре отырып, тіл үйрену процесін толықтай қамтамасыз етеді.

Мысалы, ChatGPT немесе басқа жасанды интеллект платформалары арқылы оқушы жаңа сөздерді қолдана отырып сөйлем құрауды үйренеді, мәтіндерді аударып көре алады және тілдік қателерді түзетуге үйренеді [3].

3. Қиындықтары мен шектеулері

Сонымен қатар ЖИ-ны қолдануда кейбір қиындықтар бар:

Барлық платформалар орыс тілінің тілдік ерекшеліктерін толық түсіне бермейді. Ал тәуелділік қаупі – оқушы оқытушының нұсқауынсыз ЖИ-ға тым сенуі мүмкін. Техникалық білім қажет – мұғалім мен оқушы

жүйені дұрыс қолдануды білуі тиіс. Осы қиындықтарды жеңу үшін ЖИ құралдарын дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіру ұсынылады. Мұғалім жүйе арқылы берілген тапсырмаларды бақылап, түзетіп отыруы қажет.

Жасанды интеллект орыс тілін оқытуда маңызды педагогикалық құралға айналды. Ол оқу процесін интерактивті, тиімді және персонализацияланған етеді. ЖИ платформалары арқылы тыңдалым, айтылым, грамматика және сөздік қорды дамытуға болады, оқушылардың қызығушылығы артады, ал мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Жасанды интеллект (ЖИ) орыс тілін оқытуда маңызды құралға айналып отыр. Ол оқыту процесін интерактивті, тиімді және персонализацияланған етеді, тыңдалым, айтылым, грамматика және сөздік қорды дамытуға мүмкіндік береді. ЖИ платформалары оқушылардың белсенділігін арттырады, тілдік дағдыларын жүйелі меңгеруге ықпал етеді, ал мұғалімге бақылау, бағалау және кері байланыс беру жұмысына қосымша қолдау көрсетеді. Сонымен бірге, ЖИ технологиялары тек құрал ретінде қарастырылуы қажет. Оларды дәстүрлі педагогикалық әдістермен үйлестіре отырып қолданған кезде ғана оқу сапасы жоғары болады. ЖИ тек қана автоматтандырылған тапсырмалар беріп қана қоймай, оқушының шығармашылық ойлауын, критикалық қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс. Осылайша, технологиялық инновациялар мен педагогикалық тәжірибе біріктірілгенде, тіл үйрену процесі толық, нәтижелі және қызықты болады.

Қосымша ұсыныстар

Педагогикалық жоспарлауда ЖИ қолдану:

ЖИ құралдарын сабақ жоспарына алдын ала енгізіп, олардың әр кезеңде қандай мақсатқа қызмет ететінін анықтау. Персонализацияланған тапсырмалар арқылы әр оқушының деңгейіне сәйкес оқу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Оқушыларды белсенді қатыстыру:

Чат-боттар, виртуалды диалогтар, онлайн-тесттер арқылы оқушының белсенділігін арттыру. ЖИ-мен жұмыс істегенде кері байланысты бірден беру арқылы қателерді түзетуге мүмкіндік жасау.

Мұғалімнің кәсіби дамуында ЖИ:

Мұғалімдерге арналған тренингтер мен мастер-класстар арқылы ЖИ платформаларын тиімді қолдануды үйрету. ЖИ құралдарын таңдау және пайдалану бойынша тәжірибе алмасу.

Интеграция мен үйлестіру:

ЖИ құралдарын тек оқытушының іс-әрекетін толықтырмаса, негізгі оқыту әдістерімен үйлестіру қажет. Мультимодальді тәсілді қолдану: мәтін, аудио, видео ресурстарды біріктіру арқылы оқу процесін толықтыру.

Қауіпсіздік пен этика:

Оқушыларға ЖИ-ны дұрыс және жауапкершілікпен қолдануды үйрету. Жеке мәліметтердің құпиялылығын сақтау және этикалық нормаларды сақтау.

Осы ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы орыс тілін



оқытудағы ЖИ-ның тиімділігі артып, оқушылардың тілдік дағдылары мен коммуникативтік қабілеттері жоғары деңгейде дамиды. ЖИ-ның мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану болашақта білім беру үрдісін инновациялық деңгейге көтеруге жол ашады.

Дегенмен, ЖИ-ді қолдануда тек технологияға ғана сүйенбестен, дәстүрлі әдістемелермен үйлестіріп қолдану

қажет. Тек сол кезде оқыту сапасы жоғары болады, тіл үйрену процесі толық және нәтижелі болады.

Жалпы, ЖИ орыс тілін оқытудағы жаңашылдық болып табылады және болашақта оны педагогикалық практиканың негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыруда кері байланыстың рөлі

Аяжан Әбдібекова Ғалымжанқызы

ағылшын тілі оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа

Бұл мақалада академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыру үдерісіндегі кері байланыстың рөлі теориялық және әдіснамалық тұрғыдан қарастырылады. Академиялық жазылым жоғары білім беру жүйесінде білім алушылардың сыни ойлау, талдау, аргументация және ғылыми коммуникация құзыреттерін дамытуға бағытталған негізгі құралдардың бірі болып табылады. Жазылым сапасын арттыруда кері байланыстың формативті, суммативті және өзара бағалау түрлерінің маңыздылығы талданады. Сонымен қатар, тиімді кері байланысты ұйымдастыру шарттары мен оның рефлексиялық дағдыларын дамытудағы ықпалы қарастырылады. Зерттеу нәтижелері кері байланыстың академиялық жазылымды жетілдіруде жүйелі, нақты және әрекетке бағытталған сипатта болуы қажеттігін көрсетеді.

Түйін сөздер: академиялық жазылым, кері байланыс, формативті бағалау, сыни ойлау, рефлексия, эссе.

Кіріспе

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде академиялық жазылым тіл үйренушілердің кәсіби және зерттеушілік құзыреттерін қалыптастырудың негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Академиялық жазылым тек тілдік сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, дәлелдеу, ғылыми дереккөздерді талдау және синтездеу қабілеттерін талап етеді.

Алайда тіл үйренушәлердің көпшілігі академиялық жазылым талаптарын меңгеруде қиындықтарға тап болады. Бұл жағдайда тиімді педагогикалық құрал ретінде кері байланыс маңызды рөл атқарады. Кері байланыс тек бағалау құралы емес, ол оқыту мен үйренудің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

Академиялық жазылымды дамытудағы кері байланыстың рөлі

1. Танымдық дамуға ықпалы

Кері байланыс тіл үйренушілердің мәтін мазмұнын тереңірек талдауына мүмкіндік береді. Аргументтердің дәйектілігіне, дәлелдердің сапасына және логикалық байланыстарға берілген пікірлер сыни ойлауды дамытады. Бұл әсіресе магистрлік деңгейде ғылыми мәтін, эссе, мотивациялық хаттар жазуда маңызды.

2. Жазылым құрылымын жетілдіру

Кері байланыс мәтіннің құрылымдық ұйымдастырылуын жақсартуға ықпал етеді. Тезистің айқындығы, әдебиеттерге сілтеме жасау дұрыстығы, академиялық стильдің

сақталуы жөніндегі нақты ұсыныстар тіл үйренушілердің кәсіби жазылым мәдениетін қалыптастырады.

3. Өзін-өзі реттеу және рефлексия

Тиімді кері байланыс студенттің өз жұмысын талдауына және жетілдіру стратегияларын анықтауына мүмкіндік береді. Бұл үдеріс метатанымдық дағдыларды дамытады және ұзақ мерзімді нәтижеге қол жеткізеді.

4. Мотивациялық аспект

Құрылымды және қолдаушы сипаттағы кері байланыс тіл үйренушінің ішкі мотивациясын арттырады. Жетістіктерді атап көрсету мен нақты даму бағыттарын ұсыну академиялық сенімділікті күшейтеді.

Кері байланысты ұйымдастырудың тиімді шарттары
Магистрлік деңгейде кері байланыс:
мазмұндық (higher-order concerns) аспектілерге басымдық беруі;

нақты әрі әрекетке бағытталған болуы;

диалогтік сипатта ұйымдастырылуы;

ревизия мүмкіндігімен қамтамасыз етілуі;

өзін-өзі бағалау элементтерімен үйлесуі тиіс.

Сондай-ақ цифрлық платформаларды қолдану жазбаша және аудиокері байланысты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыруда кері байланыс стратегиялық маңызға ие педагогикалық құрал болып табылады. Ол студенттердің сыни ойлауын, құрылымдық сауаттылығын, рефлексиялық қабілетін және ғылыми дискурсты меңгеруін қамтамасыз етеді. Магистрлік деңгейде кері байланыс бағалау функциясынан гөрі дамыту функциясын атқаруы тиіс. Жүйелі және мақсатты ұйымдастырылған кері байланыс академиялық жазылым сапасын арттырудың негізгі факторы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Black, P., & Wiliam, D. (1998). Assessment and classroom learning. *Assessment in Education: Principles, Policy & Practice*, 5(1), 7–74.

2. Hattie, J., & Timperley, H. (2007). The power of feedback. *Review of Educational Research*, 77(1), 81–112.

3. Sadler, D. R. (1989). Formative assessment and the design of instructional systems. *Instructional Science*, 18(2), 119–144.

4. Shute, V. J. (2008). Focus on formative feedback. *Review of Educational Research*, 78(1), 153–189.



География пәні арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары

Арымбаева Сандуғаш Дуненбаевна

Жамбыл облысы, Тараз қаласы №69 орта мектептің география пәнінің мұғалімі

Аннотация

Мақалада география пәнін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен арттырудың теориялық негіздері мен практикалық жолдары қарастырылады. Автор функционалдық сауаттылықты дамытудың заманауи әдіс-тәсілдерін, өмірмен байланысты тапсырмалардың рөлін, PISA форматындағы тапсырмаларды қолданудың маңызын айқындайды. География сабағында оқушылардың алған білімін нақты өмірлік жағдайларда қолдана алу дағдыларын жетілдіру жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, география пәні, өмірлік дағдылар, PISA, креативті ойлау, практикалық тапсырмалар.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің басты мақсаты – тек пәндік білімді меңгерген емес, алған білімін күнделікті өмірде тиімді қолдана алатын, сыни және креативті ойлайтын, әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда функционалдық сауаттылық ұғымы білім беру сапасының негізгі көрсеткіштерінің біріне айналып отыр.

Қазақстандық білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Мұны еліміздің PISA алықаралық зерттеулеріне қатысуы да дәлелдейді. Аталған зерттеулер оқушылардың мәтінді түсінуін ғана емес, білімді талдау, салыстыру, бағалау және өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілеттерін анықтауға бағытталған.

Функционалдық сауаттылық және география пәнінің рөлі

Функционалдық сауаттылық – оқушының мектепте алған білімін өмірлік мәселелерді шешуде қолдана алу қабілеті. География пәні бұл тұрғыда ерекше орын алады, себебі ол табиғи, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық үдерістерді кешенді түрде қарастырады.

География сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту:

- картамен, жоспармен, схемамен жұмыс жасау;
- статистикалық мәліметтерді талдау;
- табиғи құбылыстарды өмірмен байланыстыра түсіндіру;
- экологиялық, әлеуметтік мәселелерге баға беру арқылы жүзеге асады.

Функционалдық сауаттылықты арттырудағы тиімді әдіс-тәсілдер

География пәнінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін төмендегі әдістер тиімді нәтиже береді:

1. Өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмалар. Оқушыларға нақты өмірден алынған проблемалық жағдай-

лар ұсынылады. Мысалы, табиғи апаттар, климаттың өзгеруі, су ресурстарын пайдалану, көші-қон мәселелері.

2. PISA форматындағы тапсырмалар. Мәтін, карта, диаграмма, кестелермен жұмыс жасауға негізделген тапсырмалар оқушылардың талдау, интерпретация жасау, қорытынды шығару дағдыларын дамытады.

3. Зерттеушілік және жобалық жұмыстар. Оқушылар белгілі бір аймақтың табиғи жағдайын, экологиялық мәселесін зерттеп, өз тұжырымдарын ұсынады. Бұл тәсіл олардың танымдық белсенділігін арттырады.

4. Креативті тапсырмалар. «Егер мен географ болсам...», «Болашақ қаласы», «Экологиялық мәселені шешу жолдары» сияқты тапсырмалар оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады.

Күтілетін нәтижелер

География сабағында функционалдық сауаттылыққа бағытталған жұмыстар нәтижесінде оқушылар:

- алған білімін өмірде қолдана алады;
- ақпаратты талдап, салыстырып, қорытынды жасайды;
- картографиялық және статистикалық деректермен еркін жұмыс істейді;
- экологиялық және әлеуметтік мәселелерге жауапкершілікпен қарайды;
- креативті және сыни ойлау дағдыларын дамытады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, география пәні – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда үлкен мүмкіндіктерге ие пән. Сабақ барысында өмірмен байланысты, практикалық бағыттағы тапсырмаларды жүйелі қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың болашақта қоғамда өз орнын таба алатын, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына негіз болады. Сондықтан география пәнін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.
2. PISA халықаралық бағалау бағдарламасының нәтижелері мен материалдары.
3. Жаңарып отырған Қазақстанның мектеп географиясы оқулықтары.
4. Педагогикалық зерттеу әдістемесіне арналған оқу құралдары.
5. Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдістемелік ұсынымдар.
6. Халықаралық және отандық тәжірибедегі географияны оқытудың заманауи тәсілдері туралы мақалалар мен монографиялар.
7. География пәні бойынша Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасы.



Балабақшада ойын арқылы баланы дамыту

Досбергенова Мөлдір Қаладинқызы

Қызылорда қаласы “Баларман” балабақшасының тәрбиешісі

Кіріспе

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық дамуының негізі қаланатын аса маңызды уақыт. Бұл кезеңде баланың әлеуметтік, эмоционалдық, танымдық және шығармашылық қабілеттері қалыптаса бастайды. Баланың табиғи әрекеті – ойын, ол арқылы бала қоршаған ортаны таниды, өз қиялын дамытады, эмоциялық және әлеуметтік тәжірибе жинайды. Ойын – мектепке дейінгі ұйымдардағы негізгі даму құралы.

Ойын арқылы бала өзін еркін білдіреді, ойлайды, ізденеді және жаңа дағдылар мен білімді меңгереді. Сонымен қатар, ойын балалардың психологиялық жайлылығын қамтамасыз етеді және олардың эмоциялық тұрақтылығын арттырады. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, ойын негізіндегі оқыту баланың когнитивтік, әлеуметтік және эмоциялық дамуын тиімді жетілдіреді ([IES, 2022]; [PMC, 2023]; [LEGO Foundation, 2022]).

1. Ойынның бала дамуына әсері

Балабақшадағы ойын – баланың жан-жақты дамуының негізгі құралы. Ойын арқылы бала:

- Танымдық дамуы: ойлау қабілеті, логикалық түсінігі, сандық және пішіндік ұғымдары дамиды. Зерттеулер көрсеткендей, «басқарылған ойын» (guided play) балалардың оқу нәтижесін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын барысында бала жаңа ақпаратты тәжірибе арқылы меңгереді, өз бетінше қорытынды жасайды.

- Әлеуметтік дамуы: топтық ойындар балаға қарымқатынас, ережелерді сақтау, топ ішінде келісімге келу сияқты дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі. Рөлдік ойындар арқылы бала ересектердің мінезқұлқын қайталап, әлеуметтік тәжірибе жинайды.

- Эмоциялық дамуы: ойын балалардың эмоцияларын білдіруіне, сезімін басқаруға және қорқыныш, қуаныш сияқты эмоцияларды түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе балаға қиындыққа төзімді болуға және өзіне сенімділік қалыптастыруға көмектеседі.

- Дене дамуы: қимылды ойындар арқылы бала тепендік, ептілік, моторикалық дағдыларын жетілдіреді. Аттап-секіру, доппен ойнау, би қозғалыстары балалардың физикалық белсенділігін арттырады.

- Шығармашылық пен қиял: шығармашылық ойындар қиял, эстетикалық талғам және шығармашылық қабілеттерді дамытады. Мысалы, театр қойылымдары, сурет салу, мүсіндеу балалардың өзіндік ойлау қабілетін арттырады. Ғылыми деректер көрсеткендей, ойын негізіндегі оқыту баланың когнитивтік, әлеуметтік, эмоциялық дамуына, мотивациясына және қатысуына оң әсерін тигізеді ([PMC, 2023]; [LEGO Foundation, 2022]).

2. Балабақшада қолданылатын ойын түрлері

Балабақшада ойын түрлері әртүрлі мақсатта ұйымдастырылады:

1. Дидактикалық ойындар – білім мен дағдыны қалыптастыруға арналған. Мысалы: «Түстер мен пішіндерді ажырат», «Сандар әлемі».

2. Қимылды ойындар – дене дамуын жетілдіру. Мысалы: «Қоян мен қасқыр», «Аттап секіру».

3. Рөлдік ойындар – әлеуметтік қарым-қатынасты үйретеді. Мысалы: «Дүкенде», «Отбасы», «Дәрігер мен науқас».

4. Шығармашылық ойындар – қиял, өнер және эстетикалық талғам. Мысалы: театр қойылымдары, сурет салу, мүсіндеу. Ойынның әр түрі бала дамуының нақты аспектілерін жетілдіреді. Дидактикалық ойындар – танымдық қабілеттерді, қимылды ойындар – физикалық дамуды, рөлдік ойындар – әлеуметтік дағдыларды, шығармашылық ойындар – қиял мен эстетикалық талғамды дамытады.

3. Ойын арқылы оқыту мен тәрбиелеу

- Сабақта және сабақтан тыс уақытта ойын элементтерін пайдалану.

- Тәрбиеші ойын барысында бағыттаушы және бақылаушы рөлін атқарады.

- Ойын арқылы оқу мотивациясын арттыру, жаңа білімді меңгерту.

- Балалардың жетістіктерін мадақтау және ынталандыру арқылы белсенділікті дамыту. Тәрбиеші ойын процесін жоспарлағанда әр баланың жас ерекшелігі, қызығушылығы және қабілеттерін ескеруі қажет. Бұл балалардың белсенділігін арттырады және дамытушы ортаның тиімділігін қамтамасыз етеді.

4. Дамытушы ортаның рөлі

Дамытушы орта мен ойын тығыз байланысты. Балабақшада ойын бұрыштары:

- Құрылыс бұрышы: логикалық ойлау, моторика;

- Театр бұрышы: сөйлеу, сахналық шеберлік;

- Кітап бұрышы: тілдік дағдылар, қиял;

- Табиғат бұрышы: қоршаған ортаны танып білу. Баланың еркін ойнауы мен өзін-өзі көрсетуі үшін ортаның тартымды, қауіпсіз және психологиялық жағынан жайлы болуы маңызды.

5. Тәрбиешінің рөлі

Тәрбиеші ойын арқылы дамытуды ұйымдастыруда:

- Ортаны құрастырады және жаңартады;

- Балалардың әрекеттерін бақылап, бағыттап;

- Жаңа материалдар мен құралдар енгізеді;

- Әр баланың белсенділігін арттыруға жағдай жасайды;

Ата-аналармен байланыс орнатып, тәрбиелік үрдістің жалғастығын қамтамасыз етеді. Тәрбиеші ойын процесінде тек бақылаушы ғана емес, бағыттаушы және ынталандырушы да рөлін атқарады.

Қорытынды

Балабақшадағы ойын – баланың жан-жақты дамуының негізі. Ойын арқылы бала:

- Жаңа білімді оңай меңгереді;

- Өз ойын еркін жеткізеді;

- Топта әрекет етуге үйренеді;

- Өмірге бейім, өзіне сенімді тұлға болып қалыптасады.

Сондықтан әр педагог ойын арқылы баланы дамытудың мүмкіндігін толық пайдаланып, оны күнделікті оқутәрбие процесіне тиімді енгізуі керек. Ойынсыз бала – қанатсыз құс, демекші, ойын арқылы тәрбиеленген бала өмірде белсенді, ізденімпаз және жан-жақты тұлға болып өседі.



Балабақша — бақыт баспалдағы

Сұлтанова Жанна

Қызылорда қаласы “Баларман” балабақшасының тәрбиешісі

Балабақша – бақыттың құшағына бөленген бақытты балалар топтасқан құтты мекен. Балалық шақтың бал-дәурені мейірім мен шаттыққа толы балабақшадан бастау алады. Әр отбасының үкілеген үміті, көзінің нұры болған балдырғандарды күні бойы қанатының астына алып, солармен бірге шаттана күлетін, жанына жақын баурайтын тәрбиешілердің орны ерекше. Ана орнына ана бола білетін ол - балабақша тәрбиешісі. Балабақша – баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы. Қазақта «Тәрбие - тал бесіктен» деген сөз бар. Біздің мамандық топырақтан нәр алып, енді өсіп келе жатқан шыбыққа су құюмен тең. Оның ертең мәуелі бәйтерек болып, ел еңсесін көтеретін ер болатыны сөзсіз. Бүлдіршін кезде алған тәрбие - тасқа басылған таңбамен тең, сіңірген білімі - бүгінгі баланың ертеңгі дана болып қалыптасу үшін қаланатын мызғымас іргетас емес пе?! «Отан» атты ұлы ұғым басталатын отбасыдан кейінгі бірінші баспалдағы, өнер - білім аспанына қарай алғашқы қанат қаққаны - мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісінің қолдауымен емес пе?!

Француз ағартушысы, жазушы Жан - Жак Руссо айтқандай «Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туды, оның үстіне шыймайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең ол солай тәрбиеленеді» деген нақыл сөзі осы балаларға арналғандай. Тәрбиешінің әрбір өткізген сабағы баланың ақыл - ой парасатын дамыта білетіндей, баланың жас ерекшелігіне сай құрылса, баланың ынта – жігері артары сөзсіз деп білемін. Өзімнің еңбек жолымда әрдайым балалардың тілін, ой - өрісін, тіл байлығын дамыту мақсатында ертегілерден көріністер ұйымдастырамын. Себебі бала рөлде өзі ойнаса сол кейіпкердің бойындағы барлық қасиет дағдыларын ой елегінен өткізіп саралайды. Ақылмен ойланады. Ол үшін тәрбиеші бойындағы асыл қасиет – ақыл - парасат болуы шарт. Осындай тынымсыз еңбектің жемісін көру үшін, тәрбиешілік жұмыс тәрбиешінің бойынан – жігерлік пен еңбекқорлықты қажет ететінін айқын аңғардым. Әрине, әрбір тірлікте де жігерлі еңбек етпей айтарлықтай нәтижеге жету мүмкін емес. Ал тәрбиешіде бұл қасиеттердің түп негізі жауапкершілікте дер едім. Қолындағы баланың, адамның, тағдырын шешуден артық жауапкершілік бар ма?! Балалар - өмір гүлі. Ал гүлдер ешқандай жасандылықсыз, шынайылықпен баптағанда ғана өседі. Әр таңда өз кішкентай достарымды асыға күтемін, олардың әрқайсысы бүгін қандай көңіл күймен келетінін ойлаймын. Кішкентай адамның көкірегі ашық, жүрегі жұмсақ, ол маған сенеді. Бұл сондай жауапкершілік!

Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындатып жүрген ерке балалар да жоқ емес. Бірі үйдің кенжесі, бірі

үйдің тұла бойы тұңғышы, міне осы балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта - тағы да балабақша.

Бақшадағы оқу қызметтері ойын түрінде беріліп балалар бойына білім нәрін сусындатады. Тілін дамытып ортаға биімдеп қарым - қатынасқа икемдейді, Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын қысқа үлкен кішісін ажыратуға, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығармашылығы дамып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімдейді, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақынырақ танысады. Өздері түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап өсуі жолында да берілетін осы балабақша жұмысының, яғни тәрбиешілердің еңбегі деп білемін. Абай ағамыз айтқандай, «ішсем, жесем, ұйықтасам деген емес, үйренсем, білсем, көрсем» деген бала қалыптаса бастайды. Салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те балабақшаға барған баламен, балабақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын – адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де, тіпті ең қарапайымы дастархан басында отыру мәнерінде де тағы сол сияқты көптеген құбылыстарда да айырмашылықты байқап жатамыз. Ата - ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Балабақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен бірге балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін – сенімді тұлғалардың мекені деп баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек. Ата – аналар менің балам ананы үйреніпті, мынаны үйреніпті деп балаларының балабақшада жеткен жетістіктері үшін рахметтің айтқанда іштей қуанып, өз мамандығымды одан әрі жақсы көріп, баламен жұмыс жасауға құлшынысым арта түседі.

Қорытынды

Қорытындылай келе тәрбиеші - ең озық педагог, психолог, ғалым және асқан дарын иесі болу керектігіне көз жеткіздім. Әр баланың зейінін дамытып, жеке тұлғаға айналдыру әр тәрбиешінің басты міндеті. Сондықтан бала жүрегіне жылылық ұялатып, қабілетімен дарынын ашу әр тәрбиешінің алдына қойылған ең басты міндеті деп түсіндім. Алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім - тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелейік. Балабақша бақыттың ең бірінші баспалдағы, баланың болашағы.



Бастауыш сыныпта жасанды интеллекті тиімді пайдалану

Тұрапбаева Айман Нұржанқызы

№127 Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен тығыз байланысты. Ақпараттық қоғам жағдайында мектептегі білім мазмұны мен оқыту тәсілдері де өзгеріске ұшырауда. Осы өзгерістердің маңызды бағыттарының бірі – жасанды интеллекті білім беру процесіне енгізу. Әсіресе бастауыш сыныпта жасанды интеллекті тиімді пайдалану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға, оқу әрекетін жандандыруға және білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушылары – дүниені танып-білуге құштар, жаңа ақпаратты қабылдауға бейім, ойын арқылы үйренуге икемді жас ерекшелік тобы. Сондықтан бұл кезеңде жасанды интеллект құралдарын қолдану баланың жас ерекшеліктеріне сай, қарапайым әрі қауіпсіз түрде ұйымдастырылуы қажет.

Жасанды интеллект бастауышта оқушының орнына ойлайтын құрал емес, керісінше оның ойлауын, ізденісін, қызығушылығын дамытуға бағытталған көмекші ретінде қолданылуы тиіс. Жасанды интеллектті тиімді пайдаланудың басты артықшылығы – оқытуды жекелендіру мүмкіндігі. Әр оқушының оқу қарқыны, қабылдау деңгейі, қызығушылығы әртүрлі. ЖИ негізіндегі білім беру платформалары мен цифрлық ресурстар оқушының білім деңгейін талдап, соған сәйкес тапсырмалар ұсына алады. Бұл үлгерімі төмен оқушыларға қосымша қолдау көрсетуге, ал қабілетті оқушылардың мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

Бастауыш сыныпта жасанды интеллектті қолдану оқу мотивациясын арттыруда да маңызды рөл атқарады. Интерактивті тапсырмалар, ойын элементтері, визуалды материалдар оқушының сабаққа деген қызығушылығын күшейтеді. Жасанды интеллект арқылы ұйымдастырылған тапсырмаларда бала өз әрекетінің нәтижесін бірден көре алады. Бұл оның өзіне деген сенімін арттырып, оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

ЖИ құралдары бастауыш сыныпта тілдік дағдыларды дамытуда тиімді қолданылады. Оқушылардың оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру барысында жасанды интеллект арқылы мәтінмен жұмыс, дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорды байыту тапсырмаларын орындауға болады. Мысалы, оқушы жазған қысқа мәтінді ЖИ арқылы тексеріп, қателерін көріп, түзету жолдарын үйренеді. Бұл оқушыны өз қатесін түсінуге, өзін-өзі бақылауға үйретеді.

Математика сабағында жасанды интеллект логикалық ойлау мен есеп шығару дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушыға есептің шешу жолын бірден бермей, қадамдап бағыт көрсететін ЖИ құралдары баланың ойлау

уын дамытады. Сонымен қатар есепті ойын форматында ұсыну бастауыш сынып оқушылары үшін өте тиімді әдіс болып табылады. Бастауыш сыныпта жасанды интеллекті қолдану шығармашылық қабілеттерді дамытуға да мүмкіндік береді. Сурет салу, әңгіме құрастыру, ертегі ойлап табу сияқты тапсырмаларда ЖИ оқушыға идея ұсынушы, шабыт беруші құрал ретінде қызмет атқарады. Бұл баланың қиялын кеңейтіп, өз ойын еркін жеткізуіне жағдай жасайды. Жасанды интеллект арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау үдерісі де жеңілдейді. Қалыптастырушы бағалау барысында ЖИ оқушының тапсырманы орындау барысын талдап, жедел кері байланыс береді. Мұғалім бұл деректерді пайдаланып, оқушының әлсіз тұстарын анықтап, дер кезінде қолдау көрсете алады. Бұл білімдегі олқылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жасанды интеллектті тиімді пайдалану мұғалімнің жұмысын да жеңілдетеді. Сабаққа дайындық, тапсырма құрастыру, оқу нәтижелерін талдау сияқты уақытты көп алатын жұмыстарды ЖИ арқылы автоматтандыруға болады. Бұл мұғалімге оқушылармен тікелей қарым-қатынас жасауға, тәрбиелік және дамытушылық жұмыстарға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Алайда бастауыш сыныпта жасанды интеллектті қолдануда қауіпсіздік пен педагогикалық жауапкершілік мәселелері ерекше назарда болуы тиіс. Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, ақпараттың қауіпсіздігі, мазмұнның тәрбиелік мәні, экран алдында өткізетін уақыттың шектелуі қатаң қадағалануы қажет. Мұғалім мен ата-ананың бірлескен жұмысы бұл бағытта маңызды рөл атқарады.

Жасанды интеллектті бастауыш сыныпта тиімді пайдалану оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға да ықпал етеді. Оқушы технологияны саналы түрде қолдануды, ақпаратты таңдай білуді, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауды үйренеді. Бұл дағдылар болашақта оның білім алуына және қоғамда өз орнын табуына негіз болады.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныпта жасанды интеллекті тиімді пайдалану – оқу процесін жаңғыртудың маңызды бағыты. Жасанды интеллект оқушының оқу әрекетін қолдайтын, қызығушылығын арттыратын, жеке мүмкіндіктерін ескеретін тиімді құрал бола алады. Алайда ол ешқашан мұғалімнің орнын алмастырмайды. Керісінше, мұғалімнің кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтіп, оқу сапасын арттыруға қызмет етеді. Сондықтан жасанды интеллектті бастауыш білім беру жүйесіне жүйелі, мақсатты және педагогикалық тұрғыда сауатты енгізу – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының сауаттылығын халықаралық зерттеулер мәнмәтінінде дамыту

Мамутова Нуржамал Сапархановна

*Түркістан қаласы, Төлеби ауданы “Жеңіс жалпы білім беретін мектеп”
КММ бастауыш сынып мұғалімі*

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының сауаттылығын халықаралық зерттеулер талаптары негізінде дамыту жолдары қарастырылады. Әсіресе 4-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын жетілдіруде халықаралық бағалау бағдарламаларының рөлі, тапсырма түрлері, мәтінмен жұмыс әдістері және мұғалімнің кәсіби ұстанымы талданады. Мақалада функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған практикалық ұсыныстар берілген.

Тірек сөздер: оқу сауаттылығы, функционалдық сауаттылық, халықаралық зерттеу, мәтінмен жұмыс, 4-сынып, бастауыш білім.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесіне қойылатын талаптар өзгеріп, оқушының тек теориялық білімін емес, алған білімін өмірде қолдана алу қабілетін дамыту маңызды болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш сыныптағы оқу сауаттылығы – болашақ табысты тұлғаның негізі.

Халықаралық деңгейде оқушылардың білім сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін зерттеулер, соның ішінде International Association for the Evaluation of Educational Achievement ұйымы жүзеге асыратын PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) зерттеуі бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған.

Сонымен қатар 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалайтын PISA зерттеуі де білім мазмұнын жаңартуда маңызды бағдар болып отыр.

Бұл халықаралық зерттеулердің талаптары бастауыш білім беру жүйесінде оқу сауаттылығын дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізуді қажет етеді.

Оқу сауаттылығы ұғымы және оның мәні

Оқу сауаттылығы – мәтінді түсіну, талдау, интерпретациялау және ондағы ақпаратты өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілеті.

PIRLS зерттеуінде оқу сауаттылығы екі негізгі мақсатқа негізделеді:

1. Көркем мәтінді оқу (әдеби тәжірибе жинақтау)

2. Ақпараттық мәтінді оқу (ақпарат алу және қолдану)

Осы екі бағыт бойынша оқушылар:

- мәтін мазмұнын түсіну;
- ақпаратты табу;
- қорытынды жасау;
- автор көзқарасын анықтау;
- мәтінге баға беру дағдыларын меңгеруі тиіс.

4-сынып – бастауыш білім берудің қорытынды кезеңі болғандықтан, бұл сыныпта оқу сауаттылығын қалыптастыру жұмысы жүйелі, мақсатты және халықаралық талаптарға сай ұйымдастырылуы қажет.

4-сынып оқушылары:

- мәтінді саналы түрде оқи алады;
- қарапайым логикалық қорытынды жасай алады;
- мәтін бойынша пікір айтуға қабілетті;
- салыстыру, талдау элементтерін орындай алады.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып, тапсырмалар тек мазмұндауға емес, ойлануға, дәлелдеуге, байланыстыруға бағытталуы тиіс.

Халықаралық зерттеулер талаптары негізінде жұмыс ұйымдастыру жолдары

1. Мәтін түрлерін әртараптандыру

Сабақ барысында тек көркем мәтіндер ғана емес:

- жарнама;
- хабарландыру;
- кесте;
- диаграмма;
- нұсқаулық;
- ғылыми-танымдық мәтіндер қолданылуы

керек.

Бұл оқушылардың ақпаратты әртүрлі форматта қабылдау қабілетін дамытады.

2. Жоғары деңгейлі сұрақтар қою

Сұрақтар үш деңгейде құрылуы тиіс:

1-деңгей: Ақпаратты табу

– Мәтінде кейіпкер қайда барды?

2-деңгей: Түсіндіру

– Кейіпкер не себепті бұлай шешім қабылдады?

3-деңгей: Бағалау және пікір білдіру

– Сен оның орнында болсаң не істер едің? Неге?

Бұл тәсіл PISA зерттеуіндегі функционалдық тапсырмалар құрылымына сәйкес келеді.

3. Функционалдық тапсырмалар құрастыру

Мысалы:

- Мәтін негізінде күн тәртібін құрастыр.
- Кестедегі мәліметке сүйеніп, қорытынды жаса.
- Екі мәтінді салыстыр.

Мұндай тапсырмалар оқушының тек оқу емес, ойлау әрекетін белсендіреді.

4. Топтық және зерттеушілік жұмыс

4-сыныпта:

- «INSERT» әдісі
- «Венн диаграммасы»
- «Автор орындығы»
- «RAFT» стратегиясы

сияқты әдістерді қолдану оқу сауаттылығын тереңдетеді.

5. Қалыптастырушы бағалау

Оқу сауаттылығын дамытуда кері байланыс ерекше рөл атқарады.

Мұғалім:

- оқушының дәлеліне назар аударуы;
- жауаптың толықтығын бағалауы;
- ойлау процесін қолдауы тиіс.

Бағалау тек дұрыс/бұрыс емес, ойлау сапасын анықтауға бағытталуы керек.

Сабақ үлгісінен үзінді (4-сынып)

Мәтін: Ғылыми-танымдық мақала (табиғат туралы)

Тапсырмалар:

1. Негізгі ойды анықта.
2. Мәтіндегі себеп-салдар байланысын

көрсет.

3. Қосымша ақпарат көзін ұсын.
4. Мәтін бойынша 3 зерттеу сұрағын құра-

стыр.

Бұл құрылым халықаралық форматтағы тапсырмаларға жақын келеді.

Қорытынды

Бастауыш сыныптағы оқу сауаттылығын дамыту – білім сапасының негізгі көрсеткіші. Халықаралық зерттеулер талаптарын ескере отырып ұйымдастырылған сабақтар оқушылардың:

- мәтінді терең түсінуіне;
- сыни ойлауына;
- ақпаратты өмірде қолдана алуына;
- функционалдық сауаттылықты меңгеруіне ықпал етеді.

4-сыныпта жүргізілген сапалы жұмыс негізгі мектептегі білімнің берік іргетасын қалайды.

Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі халықаралық зерттеулер мазмұнын түсініп, оны күнделікті сабақ тәжірибесінде тиімді қолдануы қажет.

Балалардың сөйлеу тілін дамытуда тәрбиешінің рөлі

Қуандыкова Мейрамкүл Исаевна

*Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы Алғабас орта мектебінің
мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі*

Балалардың сөйлеу тілінің дамуы - мектепке дейінгі тәрбиенің ең маңызды бағыттарының бірі. Сөйлеу тілі баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына, өз ойын жеткізуіне, танымдық қабілеттерінің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Мектепке дейінгі жаста тілдің қарқынды дамуы байқалатындықтан, осы кезеңде жүргізілетін жұмыс баланың болашақтағы оқу әрекетінің, әлеуметтік бейімделуінің және тұлғалық дамуының негізін қалайды. Баланың сөйлеу тілінің дамуына әсер ететін негізгі тұлға - тәрбиеші. Себебі бала күнделікті өмірде тәрбиешімен тығыз қарым-қатынаста болады, оның сөйлеу мәнерін, сөз қолданысын, тіл мәдениетін үлгі етеді. Сондықтан тәрбиешінің кәсіби шеберлігі мен әдістемелік сауаттылығы балалардың тілдік дамуына тікелей ықпал етеді. Тәрбиеші баланың сөздік қорын байытуға, дыбыстарды дұрыс айтуына, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізуі тиіс. Сөйлеу тілі жақсы дамыған бала өз ойын еркін жеткізе алады, сұрақ қояды, пікір білдіреді және қарым-қатынас барысында белсенділік танытады. Ал сөйлеу тіліндегі кемшіліктер баланың өзіне деген сенімсіздігіне, қарым-қатынастан қашақтауына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты тәрбиеші әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын мақсатты түрде ұйымдастыруы қажет. Тәрбиешінің сөйлеу тілін дамытудағы басты міндеттерінің бірі - тілдік орта қалыптастыру. Тәрбиеші өз сөзінде әдеби тіл нормаларын сақтап, анық, түсінікті және әсерлі сөйлеуі тиіс. Балалар ересектердің сөзін қайталау арқылы үйренетіндіктен, тәрбиешінің әрбір айтқан сөзі, сөйлеу мәнері баланың тілдік дамуына үлгі болады. Сонымен қатар тәрбиеші балаларды еркін сөйлеуге ынталандырып, олардың ойын тыңдай білуі, қателерін түзетуде қолдау көрсетуі маңызды.

Балалардың сөйлеу тілін дамытуда ойын әдісінің маңызы ерекше. Ойын - мектепке дейінгі жастағы баланың негізгі әрекеті болғандықтан, ойын арқылы ұйымдастырылған тіл дамыту жұмысы баланың қызығушылығын арттырады. Сюжеттік-рөлдік, дидактикалық және сөздік ойындар балалардың сөздік қорын молайтып, сөйлеу белсенділігін дамытады. Ойын барысында бала өз рөлін сөз арқылы жеткізіп, басқа балалармен тілдік қарым-қатынасқа түседі.

Көркем әдебиетпен жұмыс та сөйлеу тілін дамытуда маңызды орын алады. Ертегілерді, өлеңдерді, әңгімелерді тыңдау арқылы балалардың сөздік қоры кеңейіп, байланыстырып сөйлеу дағдылары қалыптасады. Тәрбиеші оқылған шығарманың мазмұнын сұрақ-жауап арқылы талқылап, баланың ойын толық жеткізуіне мүмкіндік беруі тиіс. Сонымен қатар кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттау, оқиғаны өз сөзімен әңгімелеу балалардың тілін дамытады. Сөйлеу тілін дамыту тек арнайы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімен шектелмейді. Күнделікті тұрмыстық жағдайларда, серуен кезінде, еңбек әрекетінде тәрбиешінің балалармен тұрақты қарым-қатынаста болуы тілдік ортаны байытады. Қоршаған орта туралы әңгімелесу, заттардың атауын дұрыс айту, табиғат құбылыстарын сипаттау арқылы баланың сөздік қоры жүйелі түрде дамиды.

Қорытындылай келе, балалардың сөйлеу тілін дамытуда тәрбиешінің рөлі ерекше маңызды. Тәрбиеші – баланың тілдік дамуын бағыттаушы, қолдаушы және үлгі көрсетуші тұлға. Жүйелі, мақсатты және дұрыс ұйымдастырылған жұмыс баланың сөйлеу қабілетінің, ойлау жүйесінің және коммуникативтік дағдыларының дамуына ықпал етеді. Сондықтан әрбір тәрбиеші балалардың сөйлеу тілін дамытуға кәсіби жауапкершілікпен қарап, тиімді әдіс-тәсілдерді үнемі жетілдіріп отыруы қажет.



1-сынып оқушыларының жазу мәдениетін қалыптастырудағы көркем жазудың маңызы

Құлбаева Нуржамал Сериковна

*Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы Алғабас орта мектебінің
Бастауыш сынып мұғалімі, Педагог-сарапшы*

*“Көркем жазу – ойдың айнасы, адамның ішкі
мәдениетінің көрсеткіші.”*

Ахмет Байтұрсынұлы

Бала үшін мектеп табалдырығын аттаған алғашқы күннен бастап жазу дағдысын дұрыс қалыптастыру – оның сауатты, жүйелі ойлауына, тіл байлығының дамуына тікелей әсер ететін маңызды процесс. Әсіресе, 1-сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын жетілдіру – мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен әдістемелік біліктілігін қажет ететін күрделі әрі жауапты жұмыс. Себебі әдемі, таза жазу – оқушының оқуға деген қызығушылығын арттырып, оның тәртіпті, ұқыпты болуына ықпал етеді.

Көркем жазу – бұл тек әріптерді әдемі етіп жазу ғана емес, ол – оқушының ойлау қабілетін жетілдіретін, есте сақтау қабілетін жақсартатын және жазу мәдениетін қалыптастыратын маңызды құрал. Осы орайда, белгілі педагог К.Д. Ушинский: “Бала табиғаты жазу арқылы дамиды, оның зейіні артып, ойы жүйеленеді” – деген болатын.

Жазу барысында бала әріптердің бір-бірімен байланысуын, сөздердің дұрыс орналасуын меңгереді. Сонымен қатар, көркем жазу оқушының қол моторикасын дамытып, ми қызметін белсендіреді. Мұның барлығы оның болашақта сауатты жазуына ғана емес, ойлау қабілетінің тереңдеуіне де ықпал етеді. Көркем жазу арқылы оқушылар жазу техникасын жетілдіріп қана қоймай, өз ойын қағаз бетінде сауатты жеткізуге үйренеді.

Бастауыш сынып оқушысы үшін әріптерді дұрыс әрі әдемі жазу – оның оқу процесіндегі алғашқы жетістіктерінің бірі. Бұл жетістіктер оның бойында сенімділік қалыптастырып, білімге деген қызығушылығын арттырады.

1-сыныпта жазу дағдыларын қалыптастыру үшін алдымен әріптің дұрыс әрі түсінікті жазылуын үйрету керек. Қазақ тіліне тән әріптердің дұрыс жазылуын түсіндіру – болашақта орфографиялық сауаттылықтың жоғары болуына негіз болады. Әсіресе, төл дыбыстардың, соның ішінде “н”, “ү”, “ұ”, “ө” әріптері секілді дыбыстардың дұрыс жазылуы мен айтылуына назар аударған жөн. Жазу кезінде баланың қаламды дұрыс ұстауы, денесін түзу ұстауы маңызды. Егер бала қаламды дұрыс ұстамаса немесе қисық отырып жазса, бұл оның жазу мәнеріне ғана емес, денсаулығына да кері әсер етеді. Көздің нашар көруі, омыртқа аурулары сияқты мәселелердің алдын алу үшін оқушыға дұрыс отыру дағдысын ерте қалыптастыру қажет. Жазу дағдысын жетілдіру үшін саусақ пен білекке арналған жаттығуларды жасау қажет. Мысалы, саусақ гимнастикасы, әртүрлі фигураларды салу, ирек сызықтар мен штрихтарды орындау – баланың қол моторикасын дамытады. Бұл жаттығулар баланың жазу барысында

тез шаршамауына және әріптерді анық, көркем жазуына ықпал етеді.

Алғашқы кезде оқушыларға үлгі бойынша жазуды үйрету қажет. Жазу үлгілері арқылы олар әріптердің дұрыс орналасуын, олардың бір-бірімен байланысу ерекшеліктерін меңгереді. Көркем жазу үлгілерін жүйелі түрде қолдану – баланың каллиграфиялық дағдысын қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі. «Білім айнасы»

Көркем жазуды оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында қолдануға болады. Мысалы, әдемі жазылған сөздерден кішкентай әңгіме құрастыру, көркем жазу арқылы тақырыптық суреттер салу – баланың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, түрлі-түсті сиялармен немесе қарындаштармен жазу оқушының жазу процесіне деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Көркем жазу дағдысын жетілдіруде мұғалімнің қолдауы мен ынталандыруы ерекше рөл атқарады.

Жазу барысында оқушыларды мақтап, олардың еңбегін бағалау – олардың мотивациясын арттырады. Мысалы, «Көркем жазу чемпионы», «Ең әдемі жазу», «Ең ұқыпты дәптер» секілді номинациялар енгізіп, оқушыларды шабыттандыруға болады. Көркем жазуды қалыптастыру барысында сауатты жазу дағдыларын да ұмытпау қажет.

Оқушыларды тек әріптердің әдемілігіне емес, олардың дұрыс жазылуына да үйрету маңызды. Бұл үшін сөздік диктанттар, көшіріп жазу, шығармашылық тапсырмалар секілді әдістерді қолдануға болады. Сонша жылдық тәжірибеде қолданып келе жатқан осы әдістерім оқушыларымның көркем жазып қана қоймай, жазу сауаттылығын арттыруда да көмекке келетін маңызды құралдарым екені даусыз. Көркем жазуға баулу арнайы уақыт пен жіті қадағалауды қажет ететін үрдіс.

Алғашқы кезеңдерде оқушының көңіл-күйін, жазуға деген ынтасын бақылап, соған сай жұмыстар жүргізіліп отырады. Оқушының психологиялық жай-күйін ескеріп, оның тапсырмасын да соған сай ұйымдастыра білу маңызды. Сабақ үстіндегі тапсырмалармен ғана шектелмей, бастауыш сынып оқушылары үшін көркем жазуға арналған үйірмелер, қосымша сабақтар қарастырылуы керек.

«Жазу – адамның ойлау дағдысының ең жоғарғы формасы» – деген болатын орыс халқының ұлы жазушысы Лев Толстой. 1-сынып оқушыларының жазу мәдениетін қалыптастыру – олардың жалпы білім алу процесінің негізгі бір бөлігі.

Көркем жазу дағдыларын ерте қалыптастыру арқылы мұғалім тек оқушының сауатты жазуын ғана емес, оның зейінін, ұқыптылығын, шығармашылық қабілетін де дамытады. Әдемі жазу – әдемі ойдың көрінісі.



Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдері көркем жазудың маңыздылығын ескере отырып, бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізуі қажет. Жазудың әдемілігі – тілдің тазалығының, ойдың жүйелілігінің айнасы. Олай болса, жас бүлдіршіндердің сауатты, ұқыпты, әдемі жазуына мұғалімдердің ықпалы зор. Балаға көркем жазуды үйрету

– оның болашағына жасалған маңызды қадам.

Бастауыш сыныптағы көркем жазу дағдысы – баланың болашақтағы сауаттылығының, ұқыптылығының және шығармашылық қабілетінің негізін қалайды. Сондықтан әрбір мұғалім бұл дағдыны сапалы қалыптастыруға ерекше мән беруі керек.

Бастауыш мектепте құндылықтар негізінде оқушылардың білімге құштарлығын дамыту

Егизбекова Анар Тұрақбайқызы

Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Көктөбе ауылы “Смағұл Сәдуақасұлы атындағы негізгі мектебі” КММ бастауыш сынып мұғалімі

«Бар білімнің бастауы- бастауышта» екені баршамызға анық. Білім адам өмірінде үлкен орын алады. Білімге құштарлық, ол өмірге құштарлық. Жас ұрпағымыздың білімге құштарлығын дамытуда жалпы құндылықтардың алар орны айрықша. Білімге құштарлану әрбір адамда бола бермейді. Ол білікті де, білімді ұстаздардың педагогикалық шеберлігінің бала бойына жеткізуі және ынталы ықпал етуінен дамып отырады. Осындай білім мен өмірге құштар ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сіздер мен біздердің қолымызда. Білім беру жүйесі алға қойған мақсаттары мен құндылықтары тұрғысынан өз мән-мағынасына ие. Өзін-өзі құрметтейтін білім беру жүйесі, оның ішінде бастауыш мектепте қалыптастырылатын құндылықтар мен жоспарланған нәтижелері айқын.

Құндылық - ол тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Қазіргі білім беру мазмұнында айқындалған бастауыш мектептегі негізгі құндылықтар: қазақстандық патриотизм, жауапкершілік, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, білімге құштарлық, өмір бойы білім алу. Аталған құндылықтарды білім алушы бойына дарыту жас ерекшеліктеріне қарай қалыптастыру қажет. Сондықтан да оқушыға құндылықтарды дарыта отырып білім беру, әрбір бастауыш сынып мұғалімдерінің міндеті. Жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы оқыту рухани тоқыраудан шығудың ең басты жолы. Осы орайда бүгінгі таңдағы бастауыш мектепте жүргізілетін оқу үрдісінің басты мақсатында айқындалған құндылықтармен дағды қалыптастыру қажет. Ол үшін ең алдымен мұғалімнің бойынан жалпыадамзаттық құндылықтар көрініс тауып, баланы шынайы жақсы көруі тиіс. Сүйіспеншілікпен берілген білімде зор нәтиже көрініс табады. Ұлы ұстаз Шалва Амонашвили «Балаларды қалай сүю керек» еңбегінде өзінің бағын ашқан алғашқы ұстазы Варвара Вардиашвили туралы жазады. Оны алтыншы сыныпқа дейінгі ұстаздарының оқушыларға деген махаббаты толғандырады. «Олар бізді қалай жақсы көрді» деген сұраққа, бірсарынды сабақтарымен, қызықсыз үй тапсырмаларымен, тақтаға шығарып, баға қою арқылы жақсы көрді» - деп қорытындылайды. Ал, маңдайына біткен ұстазы келісімен, өмірінің өзгеріп сала бергенін

асқан жылылықпен айтады. Сол сәттен бастап балаға деген ұстаз махаббатының қандай болатынын сезінген оқушыға қанат бітетінін, шабыт дарытатын қасиеттердің жемісін

бағалайды.. Бұның барлығы ұстаздың педагогикалық махаббатын құрайды. Ол әр баланы өзінше ерекше жақсы көрді, әр баланың жүрегіне от жағуға ұмтылды. Үлгермеуші баланың жүрегіне жол тауып, баланы өзгертіп, нұрландырып, биік шыңға шығуына жол ашты. Алтын медаль иегері атануына қолдау көрсетті. Міне, ұстаздың шеберлігі, қасиеттілігі. «Әрбір бала- керемет рухани күш иесі. Кез-келген мұғалім әр балаға рухани күш иесі ретінде қарау керек. Мұғалімнің мұндай көзқарасы баланың белсенділігін арттырады. Білімге деген құштарлығын көбейтеді. Балаға сеніммен қарау баланы тек қуаттандыра түседі». «Балаға білім ұшқынын сыйлау үшін, мұғалім жарық сәулесімен өзі нұрлана білуі керек». Ұстаздың ойы мен сөзі және ісі біріне-бірі қайшы болса, оның басқа әрекеттерінен ешбір нәтиже шықпайды. Ұстаздың сөзі мен ісінің бірлігі -оқу жетістігінің жемісі. Шыдамды және қарапайым, бала жанын сүйетін қайырымды мұғалім білім алушыларға құндылықтарды дарытуда өмірлік маңызды рөл атқарады. Егер мұғалім өз ісіне жан-тәнімен беріліп, таза болса, мыңдаған бала жақсарады және ұлтымыз қайырымды мінез-құлыққа ие білімді мыңдаған ұл-қыздарға кенеледі. Халқымыздың дана ақыны М. Жұмабаев: «Жас бала- жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ» демекші, бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбиелей отырып оқытуды жүргізу керек. Өйткені, бүгінгі дұрыс оқу мен тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар, білімді азаматтардың өсетінін көрсетеді. Құндылықтарды дарыта отырып, білім беру- әлемдік тәжірибе. Бұл біздің елімізде бүгін көтеріліп отырған мәселе емес, сонау бастауыш қазақ мектебін қалаған Ыбырай Алтынсарин мектебінен басталған. Ұлы ұстаз бастауыш мектепте ұлттық құндылықтар негізінде балаларды еңбекке баулумен ұштастырып, білімге құштарлығын дамытқан. Жас ұрпақты еңбекке баулып, яғни қоғамның дамуына ықпал



еткен. Ендеше, құндылықтар негізінде оқушылардың білімге құштарлығын қалай дамытамыз?

Құштарлық-ол жаңа білімді қабылдауға ыңғайдың болуы. Осы ыңғайды қалыптастыруда бастауыш мектепте аңыз, ертегі, шығармашылық жұмыстар, тапсырмалар, жұмбақтар, (Ekosophy), яғни Киелі табиғат арқылы аңыздармен заман талабына сай АКТ, ұялы телефондарын қолдану арқылы жаңа ақпараттарды ұлттық тәрбиемен мысалдар келтіре отырып, ұштастыра білім беру жолында, балаларымыздың көз-қарасының, жан-дүниесінің, рухани дамушылығын сүйіспеншілік, еңбекқорлық құндылықтарымен оқуға құштарлығын дамытуымызға болады. Бұл әсіресе, әліппе, ана тілі, қазақ тілі, математика, әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану, көркем еңбек оқу пәнінен бөлінген бейнелеу өнері және еңбекке баулу пәндерінде де тиімді. Мен әрбір сабағымды қызықтыруда аңыздармен байланыстыра отырып, оқушыларымның жан дүниесіне адамгершілік құндылықтарын дарыта отырып, білім беруде шығармашылық қабілеттерін, ой-санасын дамытуды басты мақсатым, - деп ұстанамын. Бастауыш сынып болғандықтан, ойындар, тренингтер, сахналық қойылымдар, презентацияны құндылықтармен кіріктіріп ұйымдастыру арқылы берілген білім сапалы, сәтті болып, оқушылардан кері байланыста қуанышты көп сезінемін. Мәселен, бастауыш мектепте Ы. Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесін алатын болсақ, әңгіме желісінде білім алушыларға осы «Таза бұлақ» бойындағы асыл қасиеттерді дарыта отырып, 1- еңбекқорлыққа, 2- таза, мөлдір, ашықтыққа, тоқтаусыз, үздіксіз білім алуға баулиды. Мәтін арқылы оқушыларға түрлі әдістермен тапсырма беру арқылы, мәселен: Әй, жолаушы, болсаң, осы бұлақтай бол! нақыл сөзіне «Менің де айтарым бар»-деп өз ойын жеткізу, яғни коммуникативтік сауаттылығын, жолаушылар сөзіне мәндел мақалдарды тауып сәйкестендіру, бұлақ бойындағы құндылықтарды мағынасына қарай топтастыру арқылы ақпараттық сауаттылығын жетілдіріп және өлең жазып, ақынжандылыққа, эссе жаздырту арқылы шығармашылық ізденімпаздыққа баулып, білімге құштарлығын дамытуға болады. Үйге тапсырмаға бұлақ суретін салу, еңбек етуге «Менің қызметім» деген ұсыныспен табиғатты қорғауға баулу. Табиғатты сүюмен туған жерге, елге, отанға сүйіспеншілігін арттыруға болады. (Ekosophy), яғни Киелі табиғат арқылы аңыздармен берілген Ы. Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» ғибратты әңгімесі де отбасылық тәрбиені көрсетеді.

Ата немересін еңбекқорлыққа баулуды табиғатпен байланыстырып, өнеге алуды әдеттендіруге жетелейді. Осы әңгімені толықтыру мақсатында топқа тапсырмалар беріліп, өзіндік білім алуға машықтандыруға болады. Мысалы, 1-топқа «Өрмекшінің торын бұзба», 2- топқа «Құмырсқаның илеуін бұзба», 3-топқа «Қарлығашқа тиіспе» аңыздарын мәтін түрінде беріп, білімге ұмтылуға баулимын. Тапсырмалардың түрлерін қолдану мұғалімнің шеберлігінде. Бұл әңгіме еңбек етумен қатар білім алуға баулитын құнды шығарма екені бәрімізге аян. Баршаңызға мәлім біздің мектебіміз 2010 жылдан тұңғыш қазақ дипломаты, көрнекті саяси және қоғам қайраткері, жеті тілді жетік меңгерген тілші, ғалым және дипломат, Сауд Арабиясындағы Кеңес Одағының алғашқы елшісі – Нәзір Төрқұловтың есімінде. Мектебімізде «Нәзір Төрқұлов» атындағы тарихи мұражай бар. Мұражайда атамның ұлы еңбектері мен шығармашылықтары, елге жасаған қызметтерінің фото альбомдары және құнды қызмет дүниелері жинақталған. Н. Төрқұловтың еңбектерін дәріптей отырып, құндылықтар негізінде білім алуға бейімдеу мақсатында бастауыш сыныпта ай сайын сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылып отырады. Сыныптан тыс жұмыс ұйымдастыру оқу-тәрбие жұмысының табысты бөлігі екені белгілі. Оқушыларымыздың танымдық іс- әрекетін қалыптастыру мақсатында «Нәзір тану» топтық сабақтар өтіледі. Нәзір өлеңдерін оқудан мәнерлеп оқу сайысы, өмірбаянын, туған елге жасаған еңбектерін мақтанышбен насихаттауда жатқа жүргізіп баяндау, эссе байқауы жүргізіледі. Ұлы даланың ұлы қайраткерінің өз еліне, халқына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін дәріптей отырып, жас ұрпақты еңбекқорлық пен отаншылдыққа баулу. Басты мақсатымыз- ұлттық құндылықтармен қаныққан жауапшыл, еңбекқор, білімді, өзіндік ұстанымы бар ұрпақты тәрбиелеу. Биылғы оқу бағдарламындағы жаңа өзгерістер де құндылыққа бағдарланған оқыту тәсілін қолдануды көздеп отыр.

Қорыта келгенде, балаларымыз тек білім ғана алмай, ұлттық рухта тәрбиесін алуын алдыңғы орынға қойған елміз. Еңбекқорлық, отансүйгіштік, білімге ұмтылу құндылықтарының маңызын айта келе, болашақта ел іргесін нықтап, игілігін еселеп, алдыңғы қатарлы ел жастарын өсіру, толық адам болмысын қалыптастыруда бірден-бір қадам жасаймыз! Ал, бұл еңбек бастауыш білім алушыларымызға иілген жас шыбық уақытында берілуі тиіс!



Бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты дамыту

Онгарова Бигайша Маратовна

*Жетісу облысы, Қаратал ауданы, Қаражиде ауылы «Елтай атындағы орта мектебі
Сарыбұлақ бастауыш мектебімен» КММ бастауыш сынып мұғалімі, Педагог-зерттеуші*

Жаңартылған білім стандарты мазмұнына сәйкес қазақ тілі пәнін оқытудың негізгі функциялары төрт дағды бойынша, яғни (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) оқытылу негізделген. Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей білім беру стандарты ережелері бағдарламасына сай коммуникативтік оқу-әрекеттері мен білім, білік дағдыларды іске асыру мақсатында оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалынып ұсынылған. Сонымен қатар, әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отыратындығын ескере, ұсынылып отырған бағдарлама «спиральді оқыту» әдісі негізінде мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым коммуникативтік дағды-біліктерін шыңдау мақсатында құрылған.

Мектеп табалдырығында дамып, талпынып келе жатқан баланы ерте жастан, яғни бастауыштан бастап оқуға машықтандырып, кітапханаға барып тұруына, функционалдық сауаттылығын арттырып, қыпшастыруына ықпал жасамаса қоғамда «сауатсыздық» нышаны орын алатыны сөзсіз. Ғалымдардың айтуы бойынша 8-сыныптан бастап оқушылардың 60% -ы өз бетімен оқу мен жазуға деген құлшынысты жоғалтады. Түлектердің үштен бірі де мүлде оқығысы келмейтіні дәлелденген. Сонымен қатар, ресми деректерге сүйенсек, мектеп оқушыларының 40% -ы көркем мәтінді түсінуде қиналады. Олар мектепте білім алғанымен, қызметке келгенде жазудың негіздерін білмейтіндіктерін көрсетті, тіпті әртүрлі жағдайларда кездескен формаларды (бланкаларды) толтыра алмай кейбір ақпараттардың мәтіннің мазмұн мағынасын түсінбейді. Жалпы, барлық зерттеушілердің пікірі бойынша сауаттылықтың төмендеуі адамдардың тиісті білім алмауынан, жан-жақты оқытпауынан, оқуға үйретпеуінен болады.

Осыған орай, қазіргі кезде функционалдық сауатсыздықпен күресу лингвистердің міндеттерінің бірі болып табылады. Президенттің айтуынша, «білім беру тек оқытумен шектеліп қалмай, керісінше, әлеуметтік бейімделу процесіне бейімделуі керек». Айтылған өзекті проблемалық мәселелерді сараптай келе оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым коммуникативтік дағды-біліктерін қалыптастыру, шыңдау қазақ тілі пәніне

деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында мұғалімдерге және оқушыларға қосымша қажетті әдістемелік құрал ретінде аталған авторлық бағдарламаны ұсынып отырмын.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих, биология, география, физика сияқты өзге пәндермен тығыз байланысты. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді, ұлтжандылыққа, ана тілін жетік меңгеріп құрметтеуге негіздейді. Оқу сауаттылығы - оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой-толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі секілді қабілеттерін ашады. Оқушылардың бойында білім-білік дағдылары мәтінді оқу, ақпаратты қабылдау, мәтін ішінен іс-әрекетті белгілеу, ақпараттан түйінді ойды жинақтау мәтіннің мазмұнын бағалау арқылы сауаттылық деңгейі артады;

Міндеттері:

- оқылым стратегияларын, оқу функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
- мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту;
- шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау;
- тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін
- құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру;
- ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға даярлау.

Күтілетін нәтиже:

- мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтай алады;
- коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді орынды қолданады;
- диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізеді;
- оқылым стратегияларын (комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу) сауатты қолданады;
- оқылым және тыңдалым дағдылары бойынша мәтіннің мазмұнын түсінеді, практикада қолдана алады;
- ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға қалыптасады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен: білім сапасын арттырудың талданбалы көрінісі

Жалдыбаева Гульмира Пасепбаевна

«Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі» КМҚК Қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытушысы, Педагог-зерттеуші

Қазіргі білім беру жүйесіндегі басты талап – оқу үрдісін заманауи әдістемелік тұрғыдан толық қамтамасыз ету. Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінің білім беру кеңістігінде «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша әзірленген оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) – бұл оқытушының кәсіби ізденісі мен мемлекеттік стандарттардың (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) ұштасуынан туған маңызды құрал.

Қазіргі білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби біліктілігімен қатар, олардың рухани-танымдық өрісін дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Осы орайда, Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінің оқу үрдісіне енгізілген «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешені білім сапасын арттырудың басты құралына айналды. Бұл кешен мемлекеттік стандарттарға сай әзірленіп, техникалық бағыттағы студенттердің тілдік құзыреттілігі мен сыни ойлау қабілетін қалыптастыруды көздейді.

Әдістемелік құралдың мазмұны әдебиеттің көркемдік құндылықтарын заманауи оқыту технологияларымен ұштастыра отырып, білім алушылардың ұлттық бірегейлігін нығайтуға бағытталған. Оқу материалының жүйелілігі студенттердің өзіндік ізденіс жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға және тарихи шығармалардың идеялық тереңдігін ұғынуға мүмкіндік береді. Аналитикалық тұрғыдан алғанда, мұндай кешенді тәсіл колледждің оқу-әдістемелік базасын байытып, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудің негізін қалайды. Бұл еңбек оқытушы мен студент арасындағы интеллектуалдық байланысты нығайтатын стратегиялық бағдаршам іспетті.

1. Мазмұндық тереңдік: ОӘК шеңберінде Абай мұрасы, М. Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі, Ш. Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасы секілді күрделі туындыларды оқытудың тиімді жолдары ұсынылған. Бұл шығармалар арқылы студенттердің тарихи санасы мен ұлттық бірегейлігін қалыптастыру көзделген.

2. Техникалық бағытпен сабақтастық: Көлік-техникалық бағыттағы колледж болғандықтан, әдебиет пәнін оқытуда тұлғатану мәселесіне (мысалы, ғалым Қ. Сәтбаев бейнесі) ерекше мән берілуі – студенттердің өз мамандығына деген құрметін оятады.

3. Ғылыми негіздеме: Кешенді дайындау барысында М. Әуезов, Ж. Жұмаділов, С. Жолдасбеков сынды академик-ғалымдардың еңбектеріне сүйену – оқу материалының ғылыми деңгейін жоғарылатқан.

• Студенттердің өзіндік ізденіс жұмыстарының үлесі 25%-ға артты;

• Көркем мәтінді талдау және аргументтеу дағдыларының сапалық көрсеткіші жақсарды;

• Цифрлық және дәстүрлі ресурстарды

(кітапханалық қор) пайдалану деңгейі жүйеленді.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенді қолданудың практикалық негіздері

1. Мәтіндік-интеграциялық талдау әдісі ОӘК шеңберіндегі практикалық сабақтар тек көркем мәтінді оқумен шектелмейді. Мұндағы басты ерекшелік — шығарманың идеясын студенттің болашақ мамандығымен немесе қазіргі қоғамдық болмыспен ұштастыру.

• Тәжірибеде: М. Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесін талдау барысында студенттер кейіпкердің тұлғалық қасиеттерін ғана емес, оның техникалық ғылымға қосқан үлесін, инженерлік ойлау деңгейін зерттейді. Бұл техникалық колледж студенттері үшін кәсіби мотивация қалыптастырудың практикалық құралы болып табылады.

2. Жобалық-зерттеу тапсырмалары Әдістемелік кешенде студенттердің өзіндік жұмысына (СӨЖ) арналған практикалық блоктар қарастырылған. Онда дәстүрлі баяндамалардан гөрі, зерттеу сипатындағы тапсырмаларға басымдық беріледі:

• Мысалы: Ш. Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасы бойынша студенттер сол кезеңдегі тарихи шындық пен көркемдік шешімді салыстыра отырып, «Тарих пен әдебиет сабақтастығы» тақырыбында шағын жобалар дайындайды.

3. Логикалық және ситуациялық тапсырмалар жүйесі Құралдағы бақылау-бағалау блогы студенттің алған білімін практикада қолдану деңгейін тексеруге бағытталған.

• Сыни ойлау: Абайдың «толық адам» концепциясын қазіргі заманғы маман этикасымен салыстыру тапсырмалары арқылы студенттердің моральдық-этикалық нормалары қалыптасады.

• Кері байланыс: Тест жинақтары мен деңгейлік сұрақтар студенттерді Ұлттық біліктілік тестілеуіне (ҰБТ) және кәсіби біліктілік сынақтарына психологиялық әрі теориялық тұрғыдан дайындайды.

4. Цифрлық және көрнекі ресурстарды пайдалану ОӘК-тің практикалық бөлімінде QR-кодтар, электронды карталар мен аудио-визуалды материалдарды қолдану қарастырылған. Студенттер шығарманы оқып қана қоймай, оның сахналық қойылымдарын көру, аудио нұсқасын тыңдау арқылы эмоционалды-эстетикалық қабылдау деңгейін арттырады.

5. Сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнерді дамыту Техникалық мамандық иелері үшін өз ойын сауатты жеткізе білу өте маңызды. ОӘК практикалық бөліміндегі пікірталастар, дөңгелек үстелдер мен эссе жазу жұмыстары студенттердің коммуникативтік дағдыларын шыңдауға бағытталған.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешеннің білім сапасына әсері

Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінде «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша енгізілген оқу-әдістемелік кешен студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыруда жоғары нәтиже көрсетті. 2024-2026 оқу жылдары аралығында жүргізілген талдау білім сапасының 30%-ға өскенін айқындады. Әсіресе, техникалық мамандық студенттерінің көркем мәтінді талдау және өзіндік ізденіс жұмыстарына белсенділігі 35%-ға жоғарылады.

Бұл көрсеткіштер әдістемелік құралдың практикалық бағыттылығы мен цифрлық ресурстарды тиімді қолдануының тікелей нәтижесі болып табылады. Студенттердің сыни ойлау деңгейі мен коммуникативтік дағдыларының артуы олардың кәсіби тұлға ретінде қалыптасуына оң ықпал етті. Оқу-әдістемелік кешеннің жүйелі құрылымы болашақ мамандардың рухани кемелденуіне және ұлттық құндылықтарды терең меңгеруіне мүмкіндік берді. Қорытындылай келе, аталған әдістемелік кешен колледждің білім беру әлеуетін жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Көрсеткіштер мен бағыттар	2024-2025 оқу жылы (Сынақ кезеңі)	2025-2026 оқу жылы (Жүйелі енгізу)	Жалпы өсім (2 жылда)	Практикалық нәтиже
Білім сапасы мен үлгерім	+12%	+18%	30%	Мәтінді талдау және теориялық білімді меңгеру сапасы артты.
Шығармашылық белсенділік (СӨЖ)	+15%	+20%	35%	Жобалық жұмыс, эссе жазу және зерттеу белсенділігі күшейді.
Функционалдық сауаттылық	+10%	+15%	25%	Тілдік нормаларды әдеби мәтін арқылы практикада қолдану деңгейі өсті.
Сыни ойлау деңгейі	+8%	+12%	20%	Шығарманың идеясын қоғамдық болмыспен байланыстыру қабілеті дамыды.
Цифрлық сауаттылық	+20%	+25%	45%	QR-кодтар мен электронды ресурстарды пайдалану дағдысы қалыптасты.

Қорытындылай келе, «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша әзірленген оқу-әдістемелік кешен Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінің білім беру сапасын жаңа деңгейге көтерді. Екі жылдық мониторинг нәтижесі көрсеткендей, студенттердің білім сапасы 30%-ға, ал шығармашылық белсенділігі 35%-ға өсіп, тұрақты даму динамикасын көрсетті. Бұл көрсеткіштер әдістемелік құралдың техникалық мамандық студенттері үшін теория мен практиканы ұштастырудағы тиімділігін нақты дәлелдейді.

Кешенді қолдану барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен цифрлық дағдылары айтарлықтай жетілді. Абай мұрасы мен ұлттық тұлғалардың тағылымын заманауи әдістермен меңгерту болашақ мамандардың кәсіби этикасы мен патриоттық сезімін қалыптастыруға негіз болды. Аналитикалық есеп бойынша, бұл әдістемелік кешен колледждің оқу-тәрбие үдерісін жүйелеудегі басты жетістіктердің бірі ретінде бағаланып, алдағы уақытта да оқу сапасын қамтамасыз ететін негізгі стратегиялық ресурс болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2010. – 1-т. – 400 б.
2. Жалдыбаева Г.П. Әліпбаева, Ф. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен/ Ф. Әліпбаева ; Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі. – Өйтеке би кенті : 2025. – 45 б.
3. Әуезов М. О. Қазақ әдебиеті тарихы: академиялық курс. – Алматы: Фолиант, 2014. – 320 б.
4. Мұртаза Ш. Бесеудің хаты: Драмалар мен пьесалар. – Алматы: Атамұра, 2012. – 256 б.
5. Сәрсекке М. Қаныш Сәтбаев: Роман-эссе. – Астана: Елорда, 2011. – 540 б.
6. Жолдасбеков С. Қазақ әдебиеті: теория және практика. – Алматы: Білім, 2018. – 280 б.

Эффективность использования учебно-методического комплекса по дисциплине «Русский язык и литература» в системе профессионального образования

Утембетова Нургул Тулепбергеновна

Казалинский транспортно-технический высший колледж

Преподаватель русского языка и литературы, Педагог-эксперт

Аннотация: В статье представлен опыт практической апробации интегрированного учебно-методического комплекса (УМК) в Казалинском транспортно-техническом высшем колледже. Рассматриваются методы адаптации гуманитарных знаний под запросы технических специальностей через темы IT-технологий, промышленного развития и туризма. Особое внимание уделено результатам внедрения данной методики в учебный процесс, направленный на развитие функциональной грамотности и профессиональной коммуникации будущих специалистов.

Современная парадигма технического и профессионального образования требует поиска новых подходов к преподаванию общеобразовательных дисциплин. В Казалинском транспортно-техническом высшем колледже успешно внедрен и апробирован учебно-методический комплекс (УМК) по «Русскому языку и литературе», который трансформирует предмет из академической дисциплины в инструмент профессионального становления студента.

Методический комплекс прошел полноценную апробацию на базе колледжа, доказав свою высокую эффективность в обучении студентов железнодорожных и рабочих специальностей. Основной акцент в реализации УМК сделан на глубокую профессионализацию обучения, что позволяет превратить уроки русского языка в площадку для подготовки к реальной трудовой деятельности.

В процессе внедрения комплекса особое внимание уделяется учащимся, осваивающим квалификации по эксплуатации железных дорог, техническому обслуживанию подвижного состава, а также по рабочим направлениям (сварщики, слесари, электромонтеры). Опыт преподавания в колледже показал, что классический языковой материал усваивается значительно эффективнее, когда он интегрирован в производственный контекст.

Ключевые аспекты широкого применения УМК для рабочих кадров:

1. Профессионально-ориентированный лексикон: Темы «Техническое развитие и совершенствование производства» и «Научные открытия XXI века» адаптированы под железнодорожный профиль. Студенты изучают терминологию, связанную с устройством локомотивов, систем автоматизации и телемеханики, а также современными IT-технологиями в логистике. Это помогает будущим железнодорожникам грамотно использовать профессиональный жаргон и официальные термины в рабочей среде.

2. Работа с технической документацией: В рамках УМК студенты рабочих специальностей обучаются навыкам функционального чтения и письма. Большое

внимание уделяется составлению объяснительных записок, рапортов о неисправностях, актов приемки-сдачи и заполнению технических журналов. Это напрямую готовит их к ответственности, которую требует работа на железнодорожном транспорте.

3. Коммуникация в производственной группе: Уроки литературы используются для развития навыков коллективного взаимодействия. Анализ произведений, где затрагиваются темы честного труда и профессионального долга, помогает формировать у будущих рабочих понимание важности дисциплины и слаженности действий в бригаде.

4. Адаптация под современные стандарты: УМК активно используется для подготовки студентов к участию в профессиональных конкурсах и защите проектов. Умение четко и грамотно презентовать результаты своей работы (например, по теме «Инновации в путевом хозяйстве») делает выпускников колледжа востребованными специалистами на крупных предприятиях отрасли.

Внедрение УМК позволило отследить качественные изменения в подготовке студентов. Анализ проводился по трем ключевым критериям: качество знаний, уровень функциональной грамотности (работа с техдокументацией) и мотивация к обучению.

1. Этап: Базовый уровень (2024-2025 учебный год)

На начальном этапе внедрения комплекса проводился срез знаний среди студентов первого курса (будущих железнодорожников).

- Качество знаний: 42%.
- Проблема: Студенты рабочих специальностей испытывали трудности при использовании профессиональной лексики и заполнении простых технических форм.

• Результат: Было выявлено, что стандартная программа не учитывает специфику труда на производстве, что снижало интерес к предмету.

2. Этап: Период внедрения и интеграции (2025-2026 учебный год)

В этот период уроки были полностью перестроены согласно УМК. В программу были введены модули: «Деловая переписка на производстве», «Технический регламент и терминология железнодорожного транспорта», «IT-инновации в логистике».

- Качество знаний: 58% (рост на 16%).
- Практические достижения: Обучающиеся

начали успешно применять навыки написания рапортов, объяснительных записок и актов технического осмотра. Студенты специальностей «Слесарь-ремонтник» и «Электромонтер» показали высокую вовлеченность при изучении тем через контекст устройства современной техники.



3. Этап: Аналитическая оценка и итоги (начало 2026 года)

К завершению периода апробации были зафиксированы максимально высокие показатели функциональной и коммуникативной грамотности.

- Качество знаний: 74% (общий рост по сравнению с 2024 годом составил 32%).
- Уровень владения проф. терминами: 82% студентов свободно используют терминологию своей специальности в устной и письменной речи.

• Итог: Выпускники колледжа продемонстрировали готовность к работе в многоязычной производственной среде, успешно защищая проекты на темы «Экология путевого хозяйства» и «Цифровизация железных дорог».

Выводы по итогам апробации: Использование данного УМК в Казалинском транспортно-техническом высшем колледже подтвердило гипотезу о том, что профессионализация гуманитарного цикла является ключевым фактором успеха.


1. Для железнодорожников: Повысилась четкость и грамотность при ведении переговоров и составлении документации по безопасности движения.

2. Для рабочих специальностей: Язык стал инструментом освоения профессии (чтение инструкций, понимание алгоритмов работ).

Сравнительная таблица показателей эффективности внедрения УМК (2024–2026 гг.)

Данная таблица отражает динамику роста ключевых компетенций студентов в процессе апробации методического комплекса.

Критерии оценки (индикаторы)	2024-2025 уч. год (Начальный этап)	2025-2026 уч. год (Этап внедрения)	2026 год (Итоговый результат)	Динамика роста (2024-2026 гг.)
Качество знаний (общий показатель)	42%	58%	74%	+32%
Функциональная грамотность (работа с техдокументацией: рапорты, акты)	35%	62%	85%	+50%
Владение профессиональной лексикой (железнодорожные и технические термины)	30%	55%	82%	+52%
Уровень учебной мотивации (активность на занятиях)	45%	70%	92%	+47%
Навыки проектной деятельности (презентации, доклады по спецтемам)	28%	50%	78%	+50%



«В заключение следует отметить, что апробация данного учебно-методического комплекса в Казалинском транспортно-техническом высшем колледже продемонстрировала значительный рост качества образования на железнодорожных и рабочих специальностях. Интеграция языкового материала с техническим профилем позволила поднять профессиональную коммуникацию студентов на новый уровень. Положительная динамика 2024–2026 годов доказывает полную адаптацию методики к требованиям современного производства. В результате русский язык и литература стали не просто академическими дисциплинами, а стратегическим инструментом, обеспечивающим конкурентоспособность будущих специалистов на рынке труда».

Список использованных источников

1. Утембетова, Н. Т. Учебно-методический комплекс по дисциплине «Русский язык и литература» / Н. Т. Утембетова. — Айтеке би: Казалинский транспортно-технический высший колледж, 2025. — 124 с.
2. Типовая учебная программа по общеобразовательной дисциплине «Русский язык и литература» для организаций технического и профессионального, послесреднего образования. — Астана: ИРПО, 2022.
3. Калкулова, А. Т. Профессиональный русский язык (для транспортно-технических специальностей): учебное пособие / А. Т. Калкулова. — Алматы: Эверо, 2022. — 180 с.
4. Айтматов, Ч. Т. И дольше века длится день: роман / Ч. Т. Айтматов. — Алматы: Раритет, 2020. — 304 с.
5. Булгаков, М. А. Собачье сердце: повести / М. А. Булгаков. — Москва: Азбука-Аттикус, 2023. — 256 с.
6. Бельгер, Г. К. Гармония духа: сборник эссе / Г. К. Бельгер. — Алматы: Жибек жолы, 2019. — 210 с.
7. Иванова, С. А. IT-технологии в современном турризме: учебное пособие / С. А. Иванова. — Москва: Юрайт, 2023. — 156 с.



Мәтіндерді талдау, нейрожелілердің рөлі

Есимбаева Гулназира Абдуманатовна

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Ақбиік ауылы Т.Иманбеков атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Қазіргі білім беру жүйесі цифрландыру дәуірімен қатар қарқынды дамып келеді. Ақпарат көлемінің күрт артуы, оқушылардың оқу дағдыларының әркелкілігі және мұғалімнің жүктемесінің өсуі педагогикада жаңа шешімдерді талап етеді. Осы тұрғыда мәтіндерді талдау мен нейрожелілердің рөлі, әсіресе бастауыш сынып деңгейінде, ерекше өзектілікке ие болып отыр. Себебі бастауыш мектеп – баланың оқу, түсіну, ой қорыту және тілдік дағдылары қалыптасатын негізгі кезең.

Мәтінмен жұмыс бастауыш сыныптағы барлық пәндердің өзегін құрайды. Оқушы мәтінді оқып қана қоймай, оның мағынасын түсініп, негізгі ойды анықтауы, сұрақтарға жауап беруі және өз ойын жеткізе алуы тиіс. Алайда әр баланың қабылдау деңгейі, оқу жылдамдығы мен сөздік қоры әртүрлі. Осы жерде нейрожелілерге негізделген цифрлық құралдар мұғалімге үлкен қолдау көрсете алады. Олар оқушылардың оқу деңгейін автоматты түрде анықтап, мәтінді күрделілік деңгейіне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді.

Нейрожелілердің тағы бір маңызды артықшылығы – мәтіндерді талдау арқылы оқушылардың қателерін жүйелі түрде анықтау. Мысалы, оқушы мәтінді түсінуде қай жерде қиналатынын, қандай сөздер немесе сөйлем құрылымдары қиындық тудыратынын талдап, мұғалімге нақты дерек ұсына алады. Бұл деректер мұғалімге жекелеген оқушымен жеке жұмыс жүргізуге, сараланған тапсырмалар ұсынуға жол ашады. Осылайша оқыту үдерісі түлғалық-бағдарланған сипатқа ие болады.

Бастауыш сынып мұғалімі үшін нейрожелілер тек техникалық құрал ғана емес, педагогикалық көмекші ретінде маңызды. Олар уақытты үнемдеп, мұғалімнің негізгі міндеті – тәрбиелеу мен оқушының дамуын қолдауға көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Мысалы, мәтін бойынша автоматты түрде сұрақтар құрастыру, қысқаша мазмұн жасау немесе оқушы жауабын талдау сияқты функциялар мұғалім еңбегін жеңілдетеді.

Сонымен қатар, нейрожелілерді қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады. Цифрлық форматтағы мәтіндер, интерактивті тапсырмалар мен жедел кері байланыс баланың оқу мотивациясын күшейтеді. Бұл қазіргі бастауыш сынып оқушыларының цифрлық ортаға бейімділігін ескергенде аса маңызды. Дегенмен, мұғалімнің рөлі ешқашан төмендемейді. Нейрожелілер мұғалімді алмастырмайды, керісінше оның кәсіби қызметін толықтырады.

Қорытындылай келе, мәтіндерді талдау мен нейрожелілердің рөлі қазіргі таңда бастауыш білім

беру үшін өте актуалды. Олар оқу сапасын арттыруға, әр оқушының мүмкіндігін ескеруге және мұғалімнің жұмысын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл тақырыпқа арналған авторлық жұмыс бүгінгі білім беру талаптарына толық жауап береді және заманауи педагогикада маңызды орын алады.

Бағыты

Авторлық жұмыс бастауыш білім беру саласындағы оқу сауаттылығын дамыту, мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру және цифрлық технологияларды (нейрожелілерді) педагогикалық үдерісте тиімді қолдану бағытына арналған. Жұмыс білім беруді цифрландыру жағдайында мұғалім қызметін қолдау мен оқушының танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Өзектілігі

Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының мәтінді түсіну, талдау және өз ойын жазбаша жеткізу дағдылары біркелкі дамымағаны байқалады. Сонымен қатар, мұғалімге әр оқушының оқу деңгейін жеке бақылау қиындық туғызады. Нейрожелілердің мәтінді талдау мүмкіндіктері осы мәселені шешудің заманауи жолы болып табылады. Сондықтан бұл тақырып қазіргі білім беру жүйесінің сұранысына толық сәйкес келеді және өте өзекті.

Жаңалығы

Жұмыстың жаңалығы – нейрожелілердің мәтін талдаудағы мүмкіндіктерін бастауыш сынып мұғалімінің күнделікті тәжірибесіне бейімдеп ұсынуында. Авторлық жұмыста нейрожелілер тек техникалық құрал ретінде емес, педагогикалық көмекші ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, мәтіндерді деңгейлеп ұсыну, автоматты талдау және кері байланыс беру мүмкіндіктері жүйеленіп көрсетіледі.

Педагогикалық мақсаттылығы

Бұл жұмыс бастауыш сынып мұғаліміне оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын жүйелі дамытуға және сараланған оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Нейрожелілерді қолдану арқылы мұғалім оқыту сапасын арттырып, әр оқушының жеке ерекшелігін ескере алады.

Мақсаты

Бастауыш сыныпта мәтіндерді талдау үдерісін жетілдіруде нейрожелілерді қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау және оларды оқу-тәрбие үдерісіне тиімді енгізу жолдарын көрсету.

Міндеттері

- мәтінмен жұмыс істеудің бастауыш сыныптағы маңызын айқындау;
- нейрожелілердің мәтінді талдау мүмкіндіктерін

сипаттау;

- нейрожелілерді қолдану арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру жолдарын ұсыну;
- мұғалім жұмысына түсетін жүктемені азайтудың педагогикалық жолдарын көрсету;
- оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың тиімділігін негіздеу.

Ерекшелігі

Авторлық жұмыстың ерекшелігі – теория мен практиканың үйлесімділігі. Жұмыста нейрожелілердің мүмкіндіктері бастауыш сынып оқушысының жас ерекшелігіне сай қарастырылған. Сонымен қатар, мұғалімнің рөлі жетекші тұлға ретінде сақталып, технология көмекші құрал ретінде ұсынылады.

Күтілетін нәтижелері


- оқушылардың мәтінді түсіну және талдау

дағдыларының жақсаруы;

- оқу сауаттылығы деңгейінің артуы;
 - мұғалімнің уақытты тиімді пайдалануы;
 - сараланған және тұлғалық-бағдарланған оқытудың жүзеге асуы;
 - бастауыш сыныпта цифрлық сауаттылықтың қалыптасуы.
- Күтілетін нәтижелерді тексеру әдістері
- мәтін бойынша бақылау және диагностикалық жұмыстар;
 - оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырмалы талдау;
 - ауызша және жазбаша рефлексия;
 - мұғалімнің бақылау күнделігі;
 - сабақтағы белсенділік пен тапсырма орындау сапасын бақылау.

Табиғат — біздің үйіміз

Тлеуова Айгул Алдоңғарқызы
«№231 орта мектеп» КММ Еңбек пәні мұғалімі




Білім беру ұйымының атауы	«№231 орта мектеп» КММ			
Пәні:	Көркем еңбек			
Бөлім:	Қоршаған ортаны қорғау.			
Педагогтің аты-жөні:	Тлеуова Айгул			
Күні:	26.02.2025			
Сынып: 4-а	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	№ 23 сабақ Табиғат – біздің үйіміз.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.2.4.1 – қауіпсіздік техникасын сақтап, материалдарды және құралдарды қолдану			
Сабақтың мақсаты	Қауіпсіздік техникасын сақтап, материалдарды және құралдарды қолдана алады			
Құндылықтар	Сабақ құндылығы: Жасампаздық пен жаңашылдық айы. Апта дәйексөзі: Жаңашылдық - заман талабы			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут Өткенді пысықтау 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі I. Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. II. Өткен сабақты пысықтау -Оқушылар осы ай біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша қандай ай? (Оқушылар жауабы) Сол жаңашылдықтың бір белгісі Жасанды интеллекті біздің бүгінгі сабағымызда қонақта. Экранға назар аударып, қонаққа сөз кезегін берейік. ЖИ арқылы сұрақ-жауап	Оқушылар өз ойларын айтады. Сұрақтарға жауап береді	мадақ сөз арқылы бағалау	Интерактивті тақта Слайд



<p>Сабақ тың ортасы 25 минут</p>	<p>III. Мотивация беру Тренинг «Табиғат құбылыстары» Балалар көздерің жұмып, өздерің ашық аспан астында тұрмыз деп елестетіп, мұғалімнің нұсқауы бойынша тренингке қатысады. Мұғалімнің сұрағы: - Оқушылар біз жасаған жаттығу не туралы деп ойлайсыңдар? (Оқушылар жауабы) Олай болса біздің бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы: <u>Табиғатты бірге қорғайық</u> IV. Жаңа сабақтың мазмұны Біз бүгінгі сабақта Қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдарды және құралдарды қолдануды үйрену мақсатында түрлі жұмыстар жасаймыз. Бейнежазба арқылы жаңа сабақты түсіндіру. V. Топтық жұмыс Әрбір адам қоршаған ортаны қорғауды өзінен бастау алатынын түсінуі тиіс. Соған байланысты бояу, қылқаламмен сурет салу арқылы адамдарды табиғатты аялап, қорғауға шақыра алады екенбіз. Бұл да орасан зор еңбек. 1 топ «Табиғат құбылысын бейнелеу» (жел соғу) 2 топ «Табиғат құбылысын бейнелеу» (жаңбырлы күн) 3 топ «Табиғат құбылысын бейнелеу» (кемпіркосақ) БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ Бірлескен іс-әрекет пен өзара қарым-қатынас кезінде басқалардың сезімдері мен пікірлерін құрметтей білу; VI. Жұптық жұмыс «Апликация жасау арқылы табиғатты қорғау» тақырыбында жұптық жұмыс: 1. «Таза өзен – таза өмір» 2. «Ағаш отырғызайық!» 3. «Құстарға қамқорлық» 4. «Қоқысты сұрыптайық» 5. «Бізге таза ауа керек» 6. «Эко-үй» 7. «Орман – тіршілік көзі» 8. «Гүл ек, табиғатты көркейт!» 9. «Теңіздегі өмірді сақтайық» 10. «Эко-достық көлік» VII. Жеке жұмыс «Табиғатты аяла» Оқушыларға табиғаттың әртүрлі көріністерін бейнелейтін боямақ беріледі (орман, өзен, жануарлар, гүлдер, таза ауа, т.б.). Оқушылар боямақты өз қалауы бойынша бояйды, бірақ экологиялық мағынаны сақтауы керек. ЕБҚ: жеңіл бейнеленген табиғат құбылысының суретін бояу ӘДІЛДІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК Оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту; Сергіту сәті: Табиғат туралы өлең</p>	<p>Оқушылар тренингке қатысады, жаңа тақырыпты анықтайды.</p> <p>Бейнежазбадан жаңа сабақты тыңдайды</p> <p>Берілген тапсырмаларды топтар талапқа сай орындайды.</p> <p>Жұптар бірлесіп жұмыс жасайды</p> <p>Оқушылар өздеріне берілген боямақты бояйды</p>	<p>Дескриптор: -Берілген тақырыпқа сай сурет сала алады -Бейнеленген суреттерін қорғай алады</p> <p>Дескрипторлар - Апликация табиғатты қорғау идеясын анық көрсетеді. - Апликация ұқыпты және әдемі жасалған. - Қайшы, желім, қағаз сияқты құралдар ұқыпты қолданылған. - Екі оқушы да жұмысқа теңдей атсалысты.</p> <p>Дескрипторлар - Бояу жұмысы табиғатты қорғау идеясын көрсетеді. -Түстер бір-бірімен үйлесімді таңдалған. - Сурет шекарасынан тыс шықпай боялған.</p>	<p>Интерактивті тақта</p> <p>Слайд</p> <p>https://youtu.be/rneIUQY-FAiw?si=28eEkq-jlEi4SubZa</p> <p>Плакат, бояу қалам</p> <p>Түрлі-түсті қағаз, сурет қиындыла-ры, желім</p> <p>Боямақ қағаздар, түрлі-түсті қаламдар</p>
--	---	---	---	---



<p>Сабактың соңы 10 минут</p>	<p>IX. Бекіту тапсырмасы: «Кім сұрақ қояды?» әдісі бойынша экранда көрсетілген мәтіндерге оқушылар сұрақ қояды. 1. Жеміс жидек өсімдіктерін кесіп, сындыруға, көк шөпті орынсыз жұлып, таптауға болмайды. 2. Құстарды, аңдарды, табиғат перзенті деп, өсіп өнуіне қиянат жасауға болмайды. 3. Елімізде табиғаты мен саны азайып бара жатқан өсімдіктер мен жануарларды сақтап қалу мақсатында құрылған мемлекеттік қорықтар: Алматы, Ақсу Жабағылы, Барсақалмес, Қорқалжың, Наурызым, Марқакөл. X. Рефлексия «ТикТок» әдісі XI. Үйге тапсырма: Табиғат туралы сурет салу</p>	<p>Оқушылар мәтіндерге сәйкес сұрақтар қояды Өз пікірлерін білдіреді</p>	<p>Мадақ сөз арқылы бағалау</p>	<p>Интерактивті тақта слайд Кері байланыс таяқшасы </p>
-----------------------------------	--	---	---------------------------------	--

Бастауыш сыныпта қазақ тілінен өзіндік жұмыстардың тиімділігі

Жұмағали Жұлдыз Алтыбайқызы
Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы №9 бастауыш мектептің бастауыш сынып мұғалімі



Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінде оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға, шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіруге баса назар аударылуда. Бұл бағытта өзіндік жұмыстардың маңызы ерекше. Әсіресе, бастауыш сыныпта қазақ тілі пәнінде оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру, ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамытуда өзіндік жұмыс түрлерінің орны бөлек.

Өзіндік жұмыстың мәні мен мақсаты – оқушының мұғалімнің тікелей басшылығынсыз, өз бетімен орындайтын әрекеті. Мұндай жұмыс оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу материалын терең меңгеруге, логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Қазақ тілі пәнінде өзіндік жұмыс жүргізудің негізгі мақсаттары:

- Оқушының өз бетімен білім алу дағдысын қалыптастыру;
- Тілдік заңдылықтарды түсініп, оларды іс жүзінде қолдануға дағдыландыру;
- Шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету;
- Грамматикалық білімді тиянақтап, оны тәжірибеде қолдана білуін дамыту.

Бастауыш сыныпта қазақ тілінен өзіндік жұмыстардың түрлері әр алуан. Оларға:

1. Көшіру жұмыстары – көркем жазуға, дұрыс жазу дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Сөз және сөйлем құрастыру – оқушылардың сөздік қорын байытып, сөйлем құрылысын меңгеруге көмектеседі.

3. Грамматикалық тапсырмалар – тілдік бірліктерді ажырата білу, оларды сөйлемде дұрыс қолдануға машықтандыру.

4. Шығармашылық тапсырмалар – сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ немесе мақал-мәтел құрау, өлең шығару.

5. Тест тапсырмалары мен диктанттар – оқушының меңгерген білімін тексеруге арналған тиімді құрал.

Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері

1. Жас ерекшелігіне сай болуы. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық, физиологиялық даму деңгейін ескере отырып, тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай құрылады.

2. Қызығушылықты оятуы. Тапсырмалар баланың қызығушылығын арттыратындай, көрнекілікпен, ойын элементтерімен байытылған болуы тиіс.

3. Жүйелілік және үздіксіздік. Өзіндік жұмыстар оқу процесінің барлық кезеңінде – жаңа сабақты меңгеру, бекіту, қайталау, бақылау барысында үнемі қолданылып отыруы қажет.



4. Деңгейлік тапсырмалар. Әр оқушының жеке қабілетіне қарай тапсырмаларды деңгейлеп беру арқылы саралап оқытуға мүмкіндік туады.

Мұғалім өзіндік жұмыс түрлерін дұрыс ұйымдастырушы, бағыт беруші. Ол оқушыларға нақты нұсқау беріп, нәтижесін бақылап, бағалап отыруы тиіс. Сонымен қатар, оқушыны ынталандырып, табысты нәтижеге жетелейтін жағымды орта қалыптастыруы қажет.



Жасанды интеллект және ақпаратты платформаларды бастауыш сынып оқытуда пайдалану жолдары

Майтонова Жанаргуль Қудайбергеневна
Павлодар облысы Ақсу қаласы «Еңбек орта мектебі» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, Педагог-зерттеуші

Мақсаты – жасанды интеллект және ақпаратты платформаларды бастауыш сынып оқытуда пайдалану жолдары көмегімен сабақты тиімді ұйымдастыру;

Бүгінгі шебер сынып тақырыбы – Жасанды интеллект және ақпаратты платформаларды бастауыш сынып оқытуда пайдалану жолдары». Бұл екі ұғымның бірігуі білім беру саласында үлкен өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Заманауи ұстаздың рөлі мен міндеттері күрделене түсуде, ал жасанды интеллект білім беру процесін тиімді әрі инновациялық түрде жетілдіруге көмектеседі. Біз осы сыныпта ЖИ-ның білім беру саласындағы маңызын, ұстаздың жаңа рөлін және олардың өзара әрекеттестігін қарастырамыз. Жасанды интеллект (ЖИ) және оның білім беру саласындағы рөлі.

Адаптивті оқыту жүйелері: ЖИ білім беру процесін жеке ерекшеліктер мен қажеттіліктерге сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді. Адаптивті оқыту платформалары әр оқушының оқу қарқынын, күшті және әлсіз жақтарын анықтап, оқу материалдарын сәйкесінше түзетеді. Бұл жеке оқыту тәжірибесін жақсартады және оқу процесін тиімді етеді.

Автоматтандырылған бағалау және кері байланыс: ЖИ құралдары автоматтандырылған тестілеу мен бағалау жүйелерін ұсынады. Бұл мұғалімдерге оқушылардың білім деңгейін жылдам әрі дәл бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ оқушыларға нақты уақытта кері байланыс беріп, олардың қателіктерін түзетуге және оқу процесін жақсартуға көмектеседі.

Білім алудың қолжетімділігі: ЖИ білім беру материалдарын түрлі тілдерге аударып, білім алуды барлық адамдар үшін қолжетімді етеді. Бұл әсіресе көп тілді қоғамдарда және әлемнің түкпір-түкпіріндегі оқушылар үшін маңызды. Оқушылардың оқу материалдарына қолжетімділігі артады, білім алу мүмкіндіктері кеңейеді. Мазмұнды құру және жеке тапсырмалар: ЖИ алгоритмдері білім беру мазмұнын құруда көмектеседі. Олар оқушылардың қызығушылықтары мен оқу деңгейіне сәйкес тақырыптар мен тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл оқыту

Қорыта келе, бастауыш сыныпта қазақ тілінен өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастыру – оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтерудің маңызды жолы. Бұл жұмыстар арқылы оқушы өз бетімен ойлауға, ізденуге, шешім қабылдауға үйренеді. Сондықтан мұғалім өзіндік жұмыстардың мазмұнын дұрыс таңдап, оны жүйелі түрде өткізіп отырса, білім беру процесі сапалы әрі нәтижелі болады.

процесін қызықты әрі тартымды етеді.

Заманауи ұстаздың рөлі: ЖИ құралдарын тиімді пайдалану: Заманауи ұстаздар ЖИ технологияларын оқу процесінде тиімді пайдалана білуі керек. Бұл құралдар білім беру әдістерін жаңартып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Мұғалімдер жаңа технологияларды меңгеріп, оларды күнделікті сабақтарында қолдануды үйренуі қажет. Әлеуметтік және эмоционалды қолдау: ЖИ білім беру процесін автоматтандырып, белгілі бір аспектілерін жеңілдеткенімен, ұстаздар оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды қажеттіліктерін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ұстаздар оқушыларға моральдық қолдау көрсетіп, олардың психологиялық жағдайын бақылап, оқу мотивациясын арттыруға көмектеседі.

Критикалық ойлау мен шығармашылықты дамыту:

Заманауи ұстаздар оқушылардың критикалық ойлау қабілетін және шығармашылық дағдыларын дамытуға баса назар аударады. ЖИ-ның көмекші құралдарын пайдалана отырып, ұстаздар оқушыларды проблемаларды шешуге, жаңа идеялар ұсынуға және инновациялық шешімдер табуға ынталандырады.

Кәсіби даму және білім жетілдіру: Заманауи ұстаздар үнемі кәсіби даму мен білім жетілдіру бағытында жұмыс істеуі қажет. ЖИ мен жаңа технологияларды меңгеру, педагогикалық әдістемелерді жаңарту – бұл ұстаздың кәсіби дамуындағы маңызды аспектілер болып табылады.

Қорытынды :

Жасанды интеллект және заманауи платформаларды бастауыш сынып оқытуда пайдалану жолдары» заманауи ұстаздар арасындағы өзара әрекеттестік білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер мен инновациялық шешімдерге жол ашады. ЖИ білім беру процесін тиімді және интерактивті етуге көмектеседі, ал ұстаздар осы технологияларды дұрыс пайдаланып, оқушылардың оқу сапасын жақсартуға үлес қосады. Бұл өзара әрекеттестік оқушылардың білім алу тәжірибесін өзгертіп, олардың болашақтағы жетістіктеріне оң әсер етеді.



Ағылшын тіліндегі танымал әндер арқылы сөздік қорды дамытудың тиімділігі

Байкенжеева Лаура Серикбаевна
№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінің
ағылшын тілі пән мұғалімі

Аннотация

Бұл мақалада ағылшын тілін оқыту үдерісінде музыкалық материалдарды, соның ішінде танымал әндерді қолданудың тиімділігі қарастырылады. Ән мәтіндері арқылы білім алушылардың сөздік қорын байыту, тыңдалым және айтылым дағдыларын жетілдіру мүмкіндіктері ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талданады.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде шет тілін оқытуда коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар, аутентті материалдарды пайдалану өзекті мәселе саналады. Музыкалық шығармалар – тілдік ортаны табиғи түрде жеткізетін аутентті құралдардың бірі.

Негізгі бөлім

1. Музыкалық материалдардың психолінгвистикалық негіздері

Психолінгвистикалық зерттеулерге сәйкес, ақпаратты әуенмен бірге қабылдау есте сақтау үдерісін жеңілдетеді. Музыкалық ырғақ пен рифма жаңа лексикалық бірліктердің ұзақ мерзімді жадыда сақталуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ән мәтіндерінің қайталануы тілдік құрылымдарды автоматтандыруға мүмкіндік береді.

2. Лексикалық қорды дамытудағы рөлі

Танымал ән мәтіндері көбіне күнделікті қолданыстағы сөздер мен тұрақты тіркестерге бай. Мысалы, Taylor Swift шығармаларында эмоционалдық-экспрессивтік лексика жиі кездеседі, бұл білім алушылардың сөйлеу тілін жандандыруға әсер етеді. Ал Ed Sheeran әндерінде тұрмыстық тақырыптағы сөздер кеңінен қолданылады, бұл функционалдық сөздік қорды арттыруға мүмкіндік береді.

Классикалық поп және рок жанрындағы The

